# SARYARQA

24 shilde
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№27 (8191)



AINA
«ҚАЗАҚМЫС» ҚАРАП ҚАЛМАДЫ
3-бет

KELBET
АЙМАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ ЕДІ
4-бет

QOGAM
ХАЛҚЫНА ҚАДІРЛІ БОЛҒАН
5-бет

RÝHANIAT
ОТБАСЫ ҚҰРУ – ЖАУАПТЫ ІС
6-бет


# «АХУАЛ ОҢАЛЫП КЕЛЕДІ»

***Жезқазған қаласындағы көпбейінді ауруxана дәрігерлеріне Қарағанды қаласынан келген дәрігерлер әдістемелік көмек көрсетуде. Осыған дейін қарағандылық дәрігерлердің бір бригадасы келіп кетсе, 19 шілдеден бастап екінші бригада көмек көрсетуде.***



Қазіргі таңда жезқазғандық әріптестеріне құрамында Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс реаниматолог-анестезиологы Сергей Ким, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс инфекционисі Ержан Жүнісов, Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың бас мейірбикесі Динара Әлдиева, облыстық клиникалық аурухананың эпидемиолог дәрігері Рауна Исабаева бар бригада көмек көрсетіп жатыр. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат берген қарағандылық дәрігерлер ауруханадағы ахуал оңалып келе жатқанын айтады.

– Біз жергілікті дәрігерлерге COVID-19 пандемиясымен күресте әдістемелік-ұйымдастырушылық көмек көрсетуге келдік. Сонымен бірге, пациенттерге де көмек көрсетіп жатырмыз. Қазір коронавирус инфекциясының тіркелуі бәсеңдегенін байқап отырмыз. Мұны біз осы коронавирус белгілеріне шағымданып шақырылатын жедел жәрдем шақыруларының азаюынан, расталған ПТР-тест нәтижелерінің азайғанынан, стационардағы науқастардың санынан байқап отырмыз. Кеше реанимацияда, инфекциялық бөлімшеде жатқан науқастарды аралап шықтық. Бүгін науқастардың жағдайына талдау жасаймыз, – дейді облыстық инфекциялық орталық жетекшісі, Қарағанды медициналық университеті инфекциялық аурулар және фтизиатрия кафедрасы профессоры, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс инфекционисі Ержан Жүнісов.

Сонымен бірге, облыс орталығынан келген эпидемиолог маман мен мейірбике де жезқазғандық әріптестеріне ұйымдастыру, клиникалық жұмыстарда қолдау көрсетіп жатқан көрінеді.

►►*2-бетте*

# «ЖЭО-дағы АПАТ ҚАЛАҒА ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ ТУҒЫЗБАУЫ ТИІС»

***редакция сауалына жауап берген «Kazakhmys Energy» ЖШС басшылығы осылай дейді***

***Жезқазғанда жарық пен су күрделі мәселеге айналып келеді. Тұрғындар екі күннің бірінде желіге мұң шағып, жауапты мекемелерді сұрақтың астына алып жатады. Маусымның басында қаладағы жылу энергия орталығында апат болып, Жезқазған жарты күндей жарықсыз отырғаны және бар. Осы мәселеге орай біз ЖЭО-ны басқарушы компания «Kazakhmys Energy» (Қазақмыс Энерджи) ЖШС басшылығына шығып, бірқатар сұрақ қойған болатынбыз. Жақында компанияның техникалық директоры В. Истоминнен жауап хат алдық.***

Жылу энергия орталығын басқарушы компанияға біз мынадай сұрақтар жолдаған едік.:

1. Жезқазған жылу электр орталығында қандай авария орын алды және оның салдары? Болашақта мұндай апаттың қайталанбасына кепіл бар ма?

2. Жалпы ЖЭО-ның, ондағы қазандықтар мен турбиналардың техникалық жағдайы қалай?

3. Жезқазғандағы ЖЭО-да апат болған жағдайда неге қала жарықсыз қалады? Электр энергиясымен жабдықтаушы компаниялар қала халқы электр энергиясын ЖЭО-дан емес, басқа аймақтардан алатынын айтып жүр емес пе?

4. Жезқазған ЖЭО газға ауыстыру мүмкіндігі қарастырылған ба?

Бірінші сұрақ бойынша компания басшылығы 9 маусымда болған апаттың жай-жапсарын егжей-тегжейлі түсіндіріпті. Айтуларынша, 2020 жылғы 9 маусымда 07 сағат 33 минутта Жезқазған жылу энергия орталығының жоғары кернеулі ВЛ-110кВ электр беру желісінде қысқа тұйықталу орын алып, соның салдарынан соленоид катушкасы зақымданып, желінің элегаз ажыратқышының өшірілмеуі салдарынан технологиялық бұзылу болған.

►►*3-бетте*

# 42500 теңге: ШІЛДЕ АЙЫНДА БҰЛ ТӨЛЕМ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

***Төлемді алу үшін өтініш 17 шілдеден бастап қабылданып жатыр.***



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда карантиннің шілде айының соңына дейін созылатынын, мұқтаж азаматтарға 42500 теңге көлемінде әлеуметтік төлем тағайындалатынын мәлімдеген болатын. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов төлем кімдерге және қашан берілетінін түсіндірді. Оның айтуынша, осы жолы жалдамалы жұмысшылар үшін 42 500 теңгеге өтінішті тек жұмыс берушісі бере алады.

Өткен жолғы 42500 теңгенің тәжірибесін ескеріп, жалдамалы жұмысшылар үшін осы жолы өтінішті тек жұмыс берушілер ғана береді деп ұйғардық. Бұл жолғы төлем тек 1 айға төленеді. Қаржы міндетті әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді, – деді Біржан Нұрымбетов.

## 42 500 ТЕҢГЕ КІМДЕРГЕ ТӨЛЕНЕДІ?

Әлеуметтік төлем төтенше жағдай кезіндегі қағидатпен тағайындалады. Яғни, төлем карантин кезінде табысынан айрылған азаматтарға беріледі. Олар:

– Жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор);

– Орта, шағын және микробизнес субъектілерінің қызметкерлері;

– Жеке кәсіпкерлер;

– Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер;

– Карантин енгізілген елдімекендердегі ірі бизнес субъектілерінің қызметкерлері;

– азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша кіріс алатын адамдар.

## КІМДЕР ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ?

Олар:

– жалдамалы жұмысшыларын ақысын еңбек демалысына жіберген жұмыс берушілер;

– карантин кезінде жұмысы тоқтаған жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген азаматтар.

Министрдің айтуынша, бұл жолы 42500 теңге алу үшін азаматтарға бірыңғай жиынтық төлем жасаудың қажеті жоқ:

Өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген азаматтардың өткен жолы 42500 теңгені алу үшін бірыңғай жиынтық төлем жасағаны жеткілікті. Сол кездегі мәліметтер базада бар. Азаматтардың жұмыспен қамту бағдарламаларына қатысып жүргенін немесе зейнетақы, жәрдемақы алып жүргенін өзіміз жүйе арқылы тексере аламыз.

Әлеуметтік төлемге өтініш беру жолдары:

**42500.enbek.kz порталы;**

**Egov.kz электронды үкімет порталы;**

**Telegram-боттар** (өзін-өзі жұмыспен қамтитын жеке тұлғалар үшін).

**«Saryarqa-ақпарат»**

# АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

***620 мыңнан астам қазақстандыққа атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мерзімі ұзартылды. 121 мың отбасына, яғни 625 мың қазақстандыққа атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мемлекеттік мекемелерге жүгінбестен, автоматты түрде ұзартылды.***

Сондай-ақ, 13 мың адам атаулы әлеуметтік көмекке eGov.kz порталы арқылы жүгінді. Бұдан бұрын хабарланғандай, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ағымдағы жылдың екінші тоқсанында атаулы әлеуметтік көмек алғандарға үшінші тоқсанда да 1 шілдеден бастап оны ұзартуды көздейтін бұйрық қабылдады. Бұл шара азаматтардың әкімдіктер мен жұмыспен қамту орталықтарына жаппай жиналуын болдырмауға мүмкіндік берді. Осылайша, азаматтардың коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі азайды.

Өтінішті алғашқы берген кезде жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері мемлекеттік органдардың ақпараттық дерекқорларындағы құжаттарды тексерді. Сонымен бірге, учаскелік комиссиялар өтініш берушілердің мәліметтерін мессенджерлер арқылы көзбе-көз кездесу өткізбестен тексерді.

«АӘК ұзарту кезінде кейбір кірістер ескерілмеді. Мәселен, тәуелсіз жұмыскерлердің 2020 жылғы II тоқсандағы жиынтық табысын есептеу кезінде айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшеріндегі табысы төтенше жағдай кезеңіндегі шектеулер салдарынан кірісі жоғалған жағдайда бірыңғай жиынтық төлемді және әлеуметтік төлемдерді төлеуге байланысты кіріс ретінде қарастырылмады.




Сонымен қатар, азық-түлік пен тұрмыстық жиынтықтарға және төтенше жағдай кезінде коммуналдық шығындарды өтеуге бөлінген ақшалай төлемдер есепке алынған жоқ», – делінген хабарламада. Бұған дейін 1-тоқсанда АӘК алушыларға төлемдерді тағайындау сол кездегі төтенше жағдайға байланысты 2-тоқсанда ұзартылған болатын. Осылайша, екінші тоқсанда 561 мың қазақстандық АӘК-ті мемлекеттік органдарға жүгінбей-ақ автоматты түрде алды.

Еске сала кетейік, 14 шілдеде ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне АӘК-ті үстіміздегі жылдың III тоқсанына қолда бар мәліметтер негізінде проактивті тағайындауды тапсырды.

**«Saryarqa-ақпарат»**


**«SARYARQA» ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!**

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/

@SARYARQA_GAZETI

T.ME/SARYARQA/

WHATSAPP + 7 708 420 19 88

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ТОҚАЕВ НЕГЕ ТҮНДЕ ЖАЗАДЫ?

***ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли Мемлекет басшысының әлеуметтік желідегі кей жазбалары неліктен кеш жарияланатынын түсіндірді.***

Мемлекет басшысы елдегі жалпы жағдайды жіті бақылап, БАҚ пен әлеуметтік желілердегі жарияланымдармен танысуға үнемі уақыт табады. Қасым-Жомарт Кемелұлы қажет деп тапқан жағдайда, жазба жариялап, қоғам назарына іліккен оқиғаларға қатысты өз көзқарасын білдіріп, тиісті тапсырма береді. Жұмыс кестесі тығыз болғандықтан, мұндай жазбалардың кеш жариялануы түсінікті деп ойлаймын, – деп түсіндірді Берік Уәли.

Сонымен қатар, баспасөз хатшысы Президенттің демалыссыз еңбек етіп жатқанын атап өтті.

### «БОЛАШАҚ» СТИПЕНДИЯСЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

***«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсы басталды. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды онлайн-режимде egov.kz мемлекеттік қызметтер порталы арқылы жолдау қажет. Құжаттарды қабылдау 2020 жылғы 27 шілдеден бастап 31 қазанға дейін жүргізіледі.***

Биыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша академиялық оқуға 85 және тағлымдамадан өтуге 95 басымдыққа ие мамандықтар ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, бағдарлама шеңберінде оқуға QS, ARWU, Times Higher Education, The U.S. News Best Global University халықаралық рейтингтерінің кемінде екеуінің TOP-100 құрамына кіретін және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдердегі университеттердің US News Global рейтингісінде кемінде 65 жаһандық балға ие 138 жоғары оқу орны бекітілген.

Басымдыққа ие мамандықтар тізімі:

https://www.bolashak.gov.kz/kz/pretendentu/perechni/perechen-prioritetnykh-spetsialnostej.html

Шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының тізімі:

https://www.bolashak.gov.kz/kz/pretendentu/perechni/spisok-rekomenduemykh-vuzov.html

Құжаттарды дайындау бойынша ұсыныстар:

https://bolashak.gov.kz/kz/pretendentu/rekomendatsii/rekomendatsii-po-podgotovke-dokumentov.html

### ХҚКО-да КЕЗЕК БРОНДАУ ЖЕҢІЛДЕДІ

***Енді халыққа қызмет көрсету орталығына кезекті брондау кезінде қызмет алушылар кезек алуға болатын бос уақытты көре алады. Бұрын бос орын жоқтығына қарамастан, брондау тізімінде барлық уақыт көрсетілетін. Бұл қызмет алушылар үшін қолайсыздық туғызып, мәзірден қайта шығып, бос уақытты қайтадан іздеуге тура келетін.***



Сонымен қатар Egov.kz порталында кезекті қайта брондаудың жаңа функциясы іске қосылды. Егер азамат алдын ала жасаған броны бойынша қандайда себептермен ХҚО-ға бара алмаса, кезек уақытын қайта белгілеп, пайдаланбаған брон уақытын босата алады.

Бір адамның бірнеше уақыт аралығын бірден брондау мүмкіндігі де шектелді. Енді азаматтар 10 күнде бір рет қана брон жасай алады. Бұл ретте, ХҚО мен автоХҚО-ға жасалған брон бөлек-бөлек есептелмейді, яғни қызмет алушы 10 күн ішінде ХҚО-ға да, мамандандырылған ХҚО-ға да кезекті онлайн қоя алады.

Аталған өзгертулерді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бастамасымен egov.kz порталының операторы – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жүзеге асырды. Бұған Азаматтарға арналған үкіметке қызмет алушылардан келіп түскен өтініштердің анализі мен онлайн түрде кезекке тұруды техникалық жақсарту қажеттілігін анықтаған фокус-топтың тестілеу нәтижелері негіз болды.

Сондай-ақ бір жұмыс күні ішінде бір ЖСН иесі үшін қызметтердің екі түрін брондау мүмкіндігі жасалды, олардың бірі құжаттандыру қызметімен байланысты. Мысалы, егер бұрын азамат бір күнде бір ғана қызмет түріне брон жасай алса, мәселен, жеке куәлік қызметі бойынша, енді сол күні одан өзге қызмет түрін алу мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, енді egov.kz қолданушылары электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетінде тапсырыс берілген кезегінің мәртебесін көре алады.

Естеріңізге сала кетейік, төтенше жағдай аяқталғаннан кейін Қазақстанның халыққа қызмет көрсету орталықтарында онлайн түрде қолжетімсіз, тек «қағаз» жүзінде көрсетілетін қызметтерді алуға болады. Ол үшін ХҚО-ға кезек уақытын алдын ала egov.kz порталы немесе eGovKzBot2.0 телеграм-боты арқылы брондау керек.

### ЖАБАЙЫ ҮЙРЕКТІ ЖАППАЙ ҚЫРҒАН

***Алакөлдің Аралтөбе шағын аралындағы қызыл үйректердің қырылу фактісінің мән-жайы анықталып жатыр. Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитетінің баспасөз хатшысы Сәкен Ділдахмет facebook парақшасында жазды.***

«Шығыс Қазақстан облысының орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі аумақтық инспекциясының мемлекеттік инспекторлары Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының қызметкерлерімен бірге жабайы құстардың қырылуына байланысты Алакөл көлінің Аралтөбе шағын аралына барып қайтты. Аралды тексеру барысында мамандар 9 өлі отүйрек (қызық үйрек) жатқанын анықтады. Мамандар үлкен, орта және шағын Аралтөбені тексеріп шықты. Отүйректердің жаппай қырылу фактісі анықталған жоқ», – деді Сәкен Ділдахмет. Құстардың қырылу фактісін анықтау үшін инспекция қызметкерлері тиісті мемлекеттік органдарға хабарлама берді.

«Оқиға орнына ғылыми ұйымдар мен инспекция, экология департаментінің қызметкерлері барады», – дейді ол.

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ 4,6 МЫҢНАН АСТАМ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ МАУСЫМ АЙЫНА ҮСТЕМЕ ЖАЛАҚЫ АЛАДЫ

***Медициналық сақтандыру қоры COVID-19-ға қарсы күреске тартылған қызметкерлерге қосымша ақы төлейді. Қарағанды облысында 4 610 медицина қызметкерлері маусым айына қосымша үстемақы алады. Бұл төлемдер үшін республикалық бюджет қаражатынан медициналық сақтандыру қорына 3,03 млрд теңге бөлінді.***



Наурыз айынан маусым айына дейін қор қаржы операторы ретінде медқызметкерлердің жалақысына қосымша 2,57 млрд теңгеден астам қаржы төлеген.

Облыста ай сайын қауіпті вируспен жұмыс істейтін дәрігерлер саны өсуде. Егер наурыз айында үстемеақыны 1 356 қызметкер алса, мамыр айында олардың саны 3 522 адамға дейін өсті.

Үстемақы мөлшері ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен анықталды. Тәуекел тобына байланысты медицина қызметкерлеріне қосымша ақы 212 мың теңгеден (5 ЖМК) 850 мың теңгеге дейінгі (20 ЖМК) соманы құрайды.

Естеріңізге сала кетейік, үстеме алушылар тізімін жедел штабтар жанынан құрылған өңірлік комиссиялар бекітеді. Комиссия төрағалары әкімдердің орынбасарлары болып табылады, олардың құрамына сондай-ақ медициналық сақтандыру қоры филиалдарының қызметкерлері, өңірлік бас мемлекеттік санитарлық дәрігер, Денсаулық сақтау басқармаларының, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың өкілдері кіреді.

Медициналық сақтандыру қоры тізімдер бойынша деректердің дұрыстығын Денсаулық сақтау министрінің «COVID-19 коронавирусымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін қаржылық қолдаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкестігін тексереді.

Егер медициналық қызметкерлерде үстемақыға қатысты сұрақтар туындайтын болса, оларға өңірлік комиссияларға жүгінуге болады.

Коронавируспен ауырған дәрігерлерге төленетін төлемдер ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен өңірлік комиссиялардың шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

## «ӘКІМ САҒАТЫ» – ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

***Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбектің тапсырмасымен облысымыздағы аудан, қала басшылары әлеуметтік желі арқылы халықтың сұрақтарына жауап бере бастады. «Әкім сағаты» деп ат қойып, айдар тағылған «кері байланыстың» бұл құралы түйткілді мәселелерді шешудің тиімді тетігіне айналуы тиіс.***



Өткен екі аптада Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов әкімдіктің Instagram желісіндегі парақшасында үш «Әкім сағатын» өткізіп, жезқазғандықтардың сұрақтарына жауап берді. Алғашқы эфирді 1064 адам тамашалап, 65 сұрақ қойылса, екінші эфирге 855 тұрғын қосылып, 47 сұрақ түсті. Үшінші «Әкім сағатына» 740 адам желі арқылы қосылып, 37 сауал жолданды.

Тұрғындардан түскен сауалдардың дені тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, жолдардың жай-күйіне, қаладағы эпидемиологиялық ахуал мен дәрі-дәрмек мәселесіне қатысты болды. Жиі қойылған сұрақтар қатарында кей үйлерде суық судың болмауы, қоқыс жәшіктерінің уақытылы тазартылмауы, қаңғыбас иттер мен аулаларды абаттандыру сынды жәйттерді айтуға болады.

Әкім әр сұраққа нақты жауап беріп, қалада атқарылып жатқан, алда атқарылатын жұмыстарға да кеңінен тоқталды.

Сондай-ақ, тұрғындардың шағымдары бойынша сенбі күні қаланы аралап, шағымданушылар айтқан жағдайларды өз көзімен көрді.

«Әкім барады» деген хабар ерте жетті ме, Алашахан даңғылы, 10, Анарқұлов көшесіндегі 3-үйдің аулаларындағы қоқысты қызмет көрсетуші фирмалар жылан жалағандай жинап тастапты, көзге ұрып тұрған кемшілік көрінбеді. Қ. Бегімов сол маңайда орналасқан кәсіпкерлік нысандарының да жауапкершілігін ескертіп, жарықтандыру мәселесін шешуді тапсырды.

«Әкім сағатында» Уәлиханов, Аманжолов көшесінің тұрғындары «қазба жұмыстарынан» кейін тәп-тәуір жолдардың астан-кестеңі шыққанын айтып шағымданған. Әкім ол жерлерге де барып, жолды реттеуге тиіс мердігерге нақты тапсырма берді. Тапсырма уақытында орындалмаса, абаттандыру ережесін бұзғаны үшін айыппұл салынатыны қатаң ескертілді.

Байқоңыров көшесіндегі 44-үйдің тұрғындарынан ауладағы кәріз құдығы толып қала беретіні туралы шағым түскен болатын. Өтірік айтпапты, әкім барған сәтте ол жерде «ЖСЖК» АҚ жұмысшылары құдықты тазалап жатты.

Қайрат Бегімов сондай-ақ, «Жастар» саябағына да барып, саябақты күтіп ұстауға жауапты мердігерлердің есебін тыңдады. Гүлзарлар мен суару желілерінің жағдайына баға берді.

Одан әрі Қайрат Баяндыұлы Теректі ауылына барып, салынып жатқан жаңа мектеп құрылысымен танысты.

Ауылдағы 80 орындық мектептің құрылысы 1 шілдеде басталған. Қазір құрылысшылар мектептің іргетасын құйып жатыр. Шілденің соңына дейін «нөлдік» деңгейді аяқтап, мектептің қабырғасын көтеруді бастамақ.

Биыл мектептің сыртқы құрылысы, подстанция, қосалқы ғимараттарының құрылысын аяқтап, қыста ішкі әрлеу жұмыстарын істейміз. Келесі оқу жылына дейін нысанды толық тапсыруымыз керек, – дейді бас мердігер «БалқашПромТехСтрой» ЖШС прорабы Ғалымжан Тайманов.

Қала әкімі бұл құрылыстың маңызды нысан екенін ескертіп, үнемі бақылауда ұстайтынын, екі аптада бір келіп, жағдаймен танысып тұратынын ескертті.

**Өз тілшіміз**

## «АХУАЛ ОҢАЛЫП КЕЛЕДІ»

***(Соңы. Басы 1-бетте).***

Эпидемиологтарға, инфекциялық бақылау бойынша мейірбикелерге оқыту семинарларын ұйымдастырып жатырмыз. Бұл ретте орта және кіші медициналық персоналдың жұмысына да ерекше көңіл бөлу керек. Олардың жұмысы дұрыс жолға қойылғанда ғана емдеу процесі оң нәтижеге қол жеткізеді, – дейді ол.

Маман сонымен бірге осындағы жұмыс барысында нақты жағдайға қатысты өз ұсыныстарын да енгізетіндерін жеткізді.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс реаниматолог-анестезиологы Сергей Ким ел арасында аурухана жұмысына қатысты айтылып жатқан пікірлерге де жауап берді.

Мен жансақтау бөлімінде жұмыс істеп жатырмын. Бүгінде жансақтау бөлімі жұмысына қатысты көп адам білместікпен жөнсіз талап қойып, айып тағып жатады. Реанимация жабық бөлімше болғандықтан оған сырттан бөтен адам кіре алмайды, басқа да шектеулер бар. Оған көңгісі келмейтін немесе басқа бөлімшеге, тіпті басқа ауруханаға ауыстыру туралы талап қойып жататындар бар. Жансақтау бөлімінде жатқан адамды әрлі-берлі ауыстырып, тасымалдау оның өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан, мұндай науқастарды басқа ауруханаға ауыстырарда оның денсаулық жағдайына басты мән беріледі, – дейді ол.

Сондай-ақ, ол көпбейінді аурухана қызметкерлеріне жоғары баға берді.

Мұнда білікті мамандар жұмыс істеп жатыр. Жансақтау бөлімінде жұмыс тәжірибелері бар. Арнайы дайындықтан өткен. Қажетті жабдықтар мен аппараттар да жеткілікті. Мұндағы өкпені жасанды желдеткіш аппараттары, басқа да құралдар Қарағанды ауруханаларындағы, басқа аймақтардағы ауруханалардағы құралдармен бірдей. Тағы да құрал-жабдықтар келіп жатыр. Бұл ретте мемлекет қаражатынан бөлек, демеушілер тарапынан да түсіп жатқан құралдар бар, – дейді ол.

Осы ретте қарағандылық реаниматологқа «Жезқазған ауруханасында өлім-жітімнің көбеюінің себебі неде?» деген сұрақ қойдық.

Бұл ауруханада үлкен жансақтау бөлімшесі құрылған. Барлық ауыр науқастар осында жатқызылады. Ол науқастар өте ауыр жағдайда жеткізіледі. Сол себепті де бұл ауруханада қайтыс болғандардың да саны жоғары болады. Мысалы, кеше біз жансақтау бөлімінде болдық. Ондағы тоғыз науқастың алтауының жағдайы өте ауыр. Аурудың өзі жаңа пайда болған ауру болғандықтан, қиындықтар болатыны сөзсіз. Жалғыз Жезқазғанда ғана емес, басқа аймақтардағы жағдай осындай, – дейді маман.

Осы орайда көпбейінді аурухана басшысы Орал Мазитов те аурухананың екі апта ішінде 50 орыннан 350 орындық провизорлық орталық ретінде дайындалғанын атап өтті.

– Қазір 350 орынның ішінде 50 орындық инфекциялық бөлімше, 15 орындық жансақтау бөлімшесі жасақталды. Яғни, біздің аурухана тек провизорлық орталық ретінде ғана емес, ауыр науқастарға арналған инфекциялық орталық ретінде де жұмыс істеп жатырмыз, – дейді Орал Сафиуллаұлы.

Аурухана басшысы сонымен бірге, мұнда келетін науқастар ұзақ уақыт үйінде өз бетінше ем қабылдап, жағдайын ушықтырып алатынын, егде жастағы, созылмалы аурулары бар адамдарға бұл кері әсер ететініне де тоқталды.

Қарағандылық дәрігерлер сондай-ақ, қауіпті індет туғызып отырған коронавирустың жиі өзгеріске ұшырауы, соған сай емдеу хаттамасының да өзгеруі, әлемдегі ахуал туралы да ойларын ортаға салды.

Жергілікті БАҚ өкілдері Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті базасында жасақталған инфекциялық бөлімшеде де болып, ахуалды білді.

Мұнда медицина қызметкерлері 14 күнге созылатын вахталық әдіспен жұмыс істеп жатыр. Бөлімше 270 науқасқа арналған. 84 адам қазір ем қабылдап жатыр. Барлық науқастарға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынысымен әзірленген хаттама бойынша ем шаралары қолданылуда. Орталыққа жергілікті кәсіпкерлер де қолдау көрсетіп жатыр. Мысалы, «Керуен» мейрамханасы осы орталықтағы науқастар мен медициналық қызметкерлерді тамақтандыруды өз мойнына алып отыр. Демеушілерге алғыс білдіреміз. Қазір мұнда ауыр жағдайда жатқан науқас жоқ. Әр науқасқа жеке-жеке, ауруына сай ем жасалуда, – дейді инфекциялық орталық дәрігері Низаммидин Абдуллаев.

**Дархан МҰХАН**

## ОБЛЫСТА 25 МЫҢҒА ЖУЫҚ ПТР-ЗЕРТТЕУ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

***Медициналық сақтандыру қоры Қарағанды облысында 25 мыңға жуық ПТР-зерттеулерді қаржыландырды. Наурыздан маусым айына дейін тестілеуге жіберілген сома 278,4 млн теңгені құрады.***



Облыс стационарларында 7 207 тест, АМСК дәрігерлерінің жолдамасы бойынша 17 740 тест өткізілді.

Өңірде әрекет ететін 230 мобильді бригада ПТР әдісімен тестілеуді өткізу үшін COVID-19 күдігі бар пациенттердің биологиялық материалдарының үлгілерін алуды жүзеге асырады.

ТМКККК және МӘМС қаражаты есебінен ПТР-тестілеуден тегін өтуге жұқпалы стационарларда жатқан пациенттерге мүмкіндік берілген. Олар диагнозды растау және бекітілген емдеу алгоритмін қолдану үшін тексеріледі. Келесі санат - провизорлық стационарлардың COVID-19-ға күдікті емделушілері. Оларда белгілі бір белгілері болып және дәл диагноз қою үшін керек.

Содан кейін COVID-19 барын жоққа шығармайтын ЖРВИ және пневмония симптомдары бар азаматтар, айғақтары болған кезде учаскелік дәрігердің жолдамасы бойынша тесттен өте алады. Оларды тестілеу үшін Қор емханалармен, дәрігерлік амбулаториялармен келісім-шарттар жасасты, ал олар өз кезегінде зертханалармен келісім-шарттар жасасты.

Қызметтерді төлеу медициналық ақпараттық жүйелердің көмегімен Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН

*«16» июля 2020 года* *№ 25/01*

### О проведении реквизиции недвижимого имущества жителей аварийных домов

В соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года «О гражданской защите», от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», решением акима города Жезказган от 13 мая 2020 года за № 18/01 «Об объявлении чрезвычайной ситуации техногенного характера местного масштаба» и решением руководителя ликвидации чрезвычайной ситуации природного и техногенного характера, в целях ликвидации последствий чрезвычайной ситуации техногенного характера, акимат города Жезказган ПОСТАНОВЛЯЕТ:

Провести реквизицию недвижимого имущества собственников квартир аварийных домов, расположенных по адресу: город Жезказган, улица Абая, дома № 61,67, улица Байконурова, дома № 24, 38, улица Сейфуллина, 4 (2-й подъезд), улица Шевченко, дома № 7, 9, 13, 17 в период с 20 июля по 19 октября 2020 года. Перечень реквизируемого имущества утвердить согласно приложению №1.

Утвердить персональный состав должностных лиц, ответственных за контроль и обеспечение реквизиции в зоне чрезвычайной ситуации природного и техногенного характера согласно приложению № 2.

Утвердить персональный состав должностных лиц, уполномоченных осуществлять изъятие имущества в зоне чрезвычайной ситуации природного и техногенного характера согласно приложению № 3.

Утвердить персональный состав оценочной комиссии согласно приложению № 4.

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Жезказгана» (Сансызбаев К.К.):

в установленные сроки представить бюджетную заявку в ГУ «Отдел экономики и финансов города Жезказгана» по выделению средств на покрытие компенсации жилья собственникам квартир (реквизиция);

до изъятия реквизируемого имущества необходимо ознакомить каждого собственника под личную роспись с постановлением о реквизиции;

согласно решения оценочной комиссии произвести выплату рыночной стоимости реквизируемого имущества в течении 60-ти (шестидесяти) календарных дней со дня подписания акта приема-передачи имущества.

6. ГУ «Отдел внутренней политики города Жезказгана» (Мырзабекова М.Б.), Отдел мониторинга и качества государственных услуг и развития информационных технологий ГУ «Аппарат акима города Жезказган» (Мокеева О.Н.) и ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Жезказгана» (Сансызбаев К.К.) принять меры по опубликованию постановления о реквизиции в местных СМИ и на официальном сайте ГУ «Аппарат акима города Жезказган», а также разместить в местах , доступных для свободного ознакомления с настоящим постановлением в зоне чрезвычайной ситуации аварийных домов , расположенных по адресу: город Жезказган , улица Абая, дома № 61,67, улица Байконурова, дома № 24,38 , улица Сейфуллина, 4 (2-й подъезд), улица Шевченко, дома № 7,9,13,17 в период не позднее двухдневного срока после его принятия.

7. Персональному составу должностных лиц, уполномоченных осуществлять изъятие имущества и председателю оценочной комиссии, утвержденных настоящим постановлением провести соответствующие мероприятия, вытекающие из данного постановления в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан в срок до 19 августа 2020 года.

8. Контроль за исполнением настоящего положения возложить на курирующего заместителя акима города Жезказган.

**Аким города Жезказган К. БЕГИМОВ**

*С полным текстом постановления можете ознакомиться на сайте акимата города Жезказган* **(https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-zhezkazgan?lang=kk).**

# «ҚАЗАҚМЫС» ҚАРАП ҚАЛМАДЫ

***Ел болашағына қауіп төндіріп, адам өмірімен өлшенген мына қиын-қыстау кезеңде «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басшылығы қарап қалмай, Қарағанды облысының медициналық мекемелерін жабдықтауға өз үлесін қосуға кірісті. Бұл алып компанияның аймаққа көрсеткен соңғы көмегі емес.***

Өткен аптада Жезқазған мен Сәтбаев қалаларына оттегі концентраторларының бірінші легі келіп түсті. Бір жұтым ауаға зар болған науқастардың өмірін сақтап қалатын 150 аппаратты Жезқазған медициналық орталығы ғимараты алдында үлестірілді. Осы жауапты сәттің басы-қасында денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігі басшысы Ляззат Ранова мен «Қазақмыс» корпорациясы әлеуметтік-еңбек қатынастары басқармасының Жезқазған аймағы бойынша басшысы Сабыржан Тембаев жүрді.



– Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының аймақтың денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қазақмыс» корпорациясымен COVID-19 инфекциясына қарсы күресуде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бүгінгі көмек сол келісімнің – алғашқы жемісі, – деген Ляззат Нәбиқызы демеушілік танытқан компания басшылығына Жезқазған-Ұлытау аймағының жұртшылығы атынан ризашылығын білдірді. Көпбейінді аурухана жанынан ашылған 350 орындық провизорлық орталықтың игілігіне берілген 60 оттегі концентраторын тиеуге келген қалалық аурухананың директоры Урал Мазитов те алғысын жеткізді. Бүгінге дейін оларда небәрі 23 аппарат болған екен.

– Меморандумда денсаулық сақтау объектілерін толық жабдықтау, атап айтқанда, үш қаланың денсаулық сақтау объектілерінің емдеу қоры үшін қосымша медициналық жабдықтар мен дәрілік препараттарды сатып алу, амбулаториялық медицина қызметкерлерінің тәулік бойы қозғалысын қамтамасыз ету үшін көлікті ұйымдастыру сынды шаруалар қамтылған. Бұл мақсатқа «Қазақмыс» корпорациясы 1,0 миллиард теңге жұмсамақ. Қарағанды облысы үшін 1200 дана оттегі концентраторын сатып алу жоспарланған. Бүгін оның 200-і Жезқазған, Сәтбаев пен Балқаш қалаларына бөлінді. Қалғаны 1000 данасы келесі аптаның еншісінде. Аталған қалалар үшін корпорация 10 өкпені жасанды желдету аппаратын, 3 виброакустикалық аппаратты сатып алады, күзге қарай қалалардың стационарларында 3 медициналық газ (оттегі) бөлу жүйесі орнатылатын болады. Сондай-ақ, компания Жезқазған университетінің жатақханасы базасында ашылған 250 төсек-орынға арналған инфекциялық госпитальді техникалық жарақтандыруға қаражат бөлді. Аталған жабдықтармен қоса үш қаланың әрқайсысына бір-бірден 3 компьютерлік томограф (КТ) жеткізілетін болады, – деген Сабыржан Тембаев қолдау шаралары әлі де жалғасатынын айтты.

Кеншілер қаласындағы провизорлық орталықта 56 науқас емделіп жатқанын, оның бесуі оттегі аппаратын қажет еткенін алға тартқан Жезқазған медициналық орталығының директоры Владимир Моторыкин құны 160 мың теңге тұратын Жапонияда өндірілген «Актемра» дәрісінің 3 амбуласын көпбейінді аурухана директорына тапсырды. Бұл дәрі коронавируспен айқасып, өлім мен өмір арасындағы науқасқа қажет. Корпорация осы дәрінің 150 ампуласына тапсырыс берген. Жағдайы нашарлаған науқасты аман алып қалу үшін бұл актембарның кем дегені 1, көп дегені 3 ампуласы керек.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

***Он жылға созылған Жеңіс көшесіндегі 11 - үйдің мәселесіне былтыр нүкте қойылған-ды. Апатты үйдің 6,7,8 -кіреберісіндегі 50 пәтердің 48-інің иесіне өтемақы төленіп, тағы екеуіне мемлекеттік қордан баспана берілді. Дегенмен, мәселе бұнымен шешілмеді. Есік, терезелері үңірейген үйді қаңғыбастар паналап, нағыз «жынойнаққа» айналдырды. Осылайша өзге тұрғындарға қолайсыздық танытқан апатты үйді сүріп тастау биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде мүмкін болды. Бұл мақсатқа 7 828 800 теңге бөлінді.***

# АПАТТЫ ҮЙ СҮРІЛДІ

Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен үйді сүру жұмыстары мердігер «Гиматс-Транс» ЖШС жүктелді. Қазір арнайы техникамен қаруланған 10 жұмыскер межеленген жұмыстарды аяқтау үстінде.



Мемлекеттік бағдарламаның ерекшелігі сол – аймақтардағы инфрақұрылымды дамытып, білім және мәдениет нысандарын жөндеп, жұмыссыздық деңгейін төмендету. Сондықтан, апатты үйді сүруге жұмылдырылған жұмыскерлердің 5-еуі жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз ретінде тіркелген жезқазғандықтардың қатарынан алынды. Олардың айлығы ең төменгі жалақының екі мөлшерінен кем емес деңгейде белгіленеді, яғни 85000 теңге.



Жалпы, Жезқазған қаласы бойынша 26 үй апатты жағдайда тұр. Соның 17-сі мүлде жөндеуге келмейді. 2020 жылы 9 апатты үйдегі 68 пәтердің иелеріне өтемақы беру қарастырылған. Бюджеттен қаржы да бөлініп, қазір қажетті рәсімдер жүргізіліп жатыр. 2021 жылы 5, 2022 жылы қалған 3 апатты үйдің тұрғындарын көшіру жоспарланған. Осылайша, екі жылдың ішінде Жезқазғандағы жөндеуге жарамайтын үйлердің мәселесі түпкілікті шешілмек.

**Өз тілшіміз**

## МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

# «ЖЭО-дағы АПАТ ҚАЛАҒА ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ ТУҒЫЗБАУЫ ТИІС»



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«3Т ШР түсу кезінде КЗ өтпелі тоғының себебінен фазалар арасындағы әуе аралығы қысқарып, фазааралық қысқа тұйықталу орын алды да 3Т, 5Т, 8Ц, 9Ц, 13Ц, 16Ц, 5Ц, 3Ц, 18Ц ажыратқышы сөніп қалды.

ОРУ-35кВ шиналары жүйесіндегі қысқа тұйықталу кезінде «максималды тоқ қорғанысы» іске қосылып, 4Т трансформаторы мен 5Т аралық шықпасы (отпайка) өшіп қалды. 3Т, 4Т, 5Т трансформаторы өшкен кезде ГРУ-6кВ №1-4 секциясында қуат беру тоқтады. Технологиялық қорғаныстың нәтижесінде қуат беру бойынша өзінің қажеттілігін өтей алмаған КА-7, 8, 9, 11, ТА-6, 7, 8 істен шықты. «Максималды тоқ қорғанысы», «жер қорғанысы» іске қосылғаннан кейін ВЛ-110кВ, СВ-220кВ ВМ, сондай-ақ, фазааралық тұйықталудан ШСВ-110 кВ пен майлы ажыратқыш сөнді. АТ-1, ОВ-220кВ(АТ-1) автотрансформаторының 110кВ-тық ажыратқышы мен АТ-2 автотрансформаторының 220кВ-ттық ажыратқышында жалған өшіру орын алды.

ОРУ 110 кВ ажыратқышында резервтеу құрылғыларының болмауы технологиялық бұзылудың орын алуына негізгі себеп болды.

Болашақта мұндай аварияларды болдырмас үшін техникалық және ұйымдастырушылық шаралар қабылданды. Олардың басым көпшілігі 2020 жылдың соңына дейін жүзеге асырылмақ. 2024 жылға дейін Жезқазған жылу энергия орталығы жұмысының сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру бойынша кәсіпорынның қабылданған кешенді жоспары толықтай жүзеге асырылады» делінген жауапта.

Компания басшылығы ЖЭО-ның, қазандықтар мен турбиналардың техникалық жағдайы қалай деген сұрағымызды да жауапсыз қалдырмапты.

«Бүгінгі таңда Жезқазған ЖЭО-да барлық қондырғының 54 пайызы, яғни 8 қазандықтың бесеуі, 5 турбинаның екеуі парктік ресурсында жұмыс істеп тұр. Орта есеппен қазіргі таңда қондырғылардың тозуы 67 пайызды құрайды.

Парк ресурсындағы қондырғылар пайдалану мерзімін ұзартуға рұқсат алу мақсатында ұдайы техникалық диагностикадан өтеді. Оң қорытынды алған жағдайда қондырғыларды пайдалану бойынша парк ресурсы жұмысының мерзімі ұзартылады.

Біздің кәсіпорын жыл сайын энергетикалық жабдықтардың жұмыс қабілеттілігін сақтауға ғана емес, сонымен қатар, негізгі қорды жаңғырту мен жаңартуға да қомақты қаржы жұмсайды.

2020 жылы жоспарланған жөндеу жұмыстары кезінде төмендегідей шаруалар атқарылатын болады:

– бір қазандық агрегаты мен турбинаны күрделі жөндеу;

– үш қазандық агрегатының кеңейтілген жөндеуі;

– үш қазандық агрегаты мен төрт турбоагрегатының ағымдағы жөндеуі;

– отын беру, химиялық су тазалау мен электртехникалық қондырғылар тракті және ғимаратты жоспарлы жөндеу;

– циркуляциялық су тартқыш желісінде өздігінен жуылатын сүзгі орнату;

Кешенді жоспарға сәйкес Жезқазған ЖЭО жұмысының сенімділігін арттыру бойынша 2019-2025 жылдарға жоспарланған бірқатар іс-шаралар атқарылу үстінде» дейді компания басшылығы.

Жезқазған ЖЭО-да авария орын алған жағдайда Жезқазғанның жарықсыз қала беретіні де осы орталықпен байланысты екен.

В. Истоминнің жауабында Жезқазған қаласын жарықпен жабдықтау Жезқазған ЖЭО-ның шиналары арқылы жүзеге асатыны айтылады. Қаланың Екібастұз, Топар және басқа да энергия тораптарынан электр энергиясын тасымалдайтын транзиттік желілермен сыртқы байланыс желілері жоқ. Сондықтан, жылу энергия орталығының 220-110-35кВ шиналарында қуат беру тоқтаған кезде қала жарықсыз қалатын көрінеді.

Қазіргі таңда компания «Городская» мен «КЕГОК» АҚ қосалқы стансаларына резервтік қосылу мүмкіндігі қарастыруда. Сонымен бірге, электрмен жабдықтауды резервтеуге қатысты қаланы электр энергиясымен қамтамасыз етудің тұрақтылығын арттыру бойынша басқа да нұсқалар талқылануда.

«Kazakhmys Energy» компаниясына жолдаған сұрағымыздың бірі «Жезқазғандағы жылу энергия орталығын газға көшіру мүмкіндіктері қарастырылып жатыр ма?» деген сұрақ еді. Оған компания: «Әлбетте, атмосфераның негізгі ластаушыларының бірі – көмір жағатын жылу электр стансалары. Дегенмен, ұзақ жылдар бойы Қазақстан энергетикасының 80 пайызы көмірге негізделіп келді. Сондықтан, алдағы онжылдықта да көмір секторының рөлі сақталып, осы энергия ресурсына деген сұраныс арта түседі деп сеніммен айтуға болады.

Қатты отынды тұтынуды төмендету және энергетиканы табиғи газды жағуға көшіру атмосферадағы зиянды шығындарды азайтуға септігін тигізетіні сөзсіз. Бірақ, бұл қадам бізден жылу электр орталығында техникалық революция жасауды талап етеді. Неге десеңіздер, қазір қолда бар агрегаттардың бәрін демонтаждау, стансаларды газ турбиналарымен жабдықтау, кәсіпорынды қажетті газ инфрақұрлымымен қамтамасыз ету қажет болады. Бұл жұмыстар өз кезегінде қомақты қаржыны талап етеді. Мұндай ауқымды инвестиция электр энергиясы тарифінің қымбаттауына әкеп соғатыны белгілі» деп жауап беріпті.

**Дархан МҰХАН**

# ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ – ДӘРІГЕРЛЕР

***Маска киіп, қоғамдық орындарда ара қашықтықты сақтауға үйренген көпшілікке жезқазғандық медициналық мекемелері ақ халаттыларының айтары әлі де бар. Сондықтан, олар әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы күнбе-күн тікелелей эфирге шығып, коронавирустық инфекцияның алдын алудың жолдарын жіті түсіндіруде.***

Бұл жолы біз Жезқазған қалалық емханасы базасындағы консультативтідиагностикалық орталықтың директоры Сейіткамал Лиясовтің, «Бәйменова», «Мәкенбаева» отбасылық -дәрігерлік амбулаторияларының отбасылық дәрігерлері Мәриям Ахметжанова мен Дінахмад Абдуллаевтың тікелей эфиріне қатыстық.

Көп жылғы еңбек тәжірибесі бар Сейіткамал Лиясұлы өткізген онлайн кездесуге қатысқан оқырмандардың қатары қалың болды. Оларды иммундық жүйені нығайтудың жолдары толғандырды. Осы ретте білікті дәрігер ұйқы режимін сақтап, дұрыс тамақтанған, спортпен шұғылданып, таза ауада серуендеуді әдетке айналдырған адамның иммунитеті әлсіремейтінін жеткізді. Сонымен қатар, ағзаға қажетті Д, С, Омега-3 дәрумендерімен байытылған тағамдарды тұтынудың да маңыздылығына тоқталып, дәрі түріндегі дәрумендерді дәрігердің нұсқаулығы бойынша қабылдау қажеттігін қатаң ескертті. Шынында, қазір дерттен үрейленген тұрғындардың көпшілігі өз еркімен дәрумендерден бөлек дәрілік заттарды да дәрігер кеңесінсіз пайдаланып жатыр. Оның соңы жақсылыққа апармауы мүмкін деп дабыл қаққан ақ халаттылар науқастарды өзін-өзі емдеуден аулақ болуға шақыруда.

– Дерттің алғашқы белгілері білінісімен өзіңіз тіркелген медициналық мекемеге немесе жедел жәрдем қызметіне хабарласу қажет. Сіздің шақыртуға келген медицина қызметкері сіздің денсаулығыңызды бақылап, қажет жағдайда дәрі қабылдауға нұсқаулық береді. Дәрі-дәрмекті дәрігер белгілеген мөлшерде пайдалану керек. Өз бетінше антибиотик пайдалану иммундық жүйені төмендететінін ұмытпаңыздар, – деген Сейіткамал Лиясович коронавирустық инфекция адам бойында 3 күннен 14 күнге дейін белгі бермеуі мүмкін екенін айтады.

Көп жағдайда дене қызуының жоғарлауы, құрғақ жөтел сынды симптом беретін COVID-19 дерті кезінде бас, дене ауруы, іштің өтуі мен дәм, иіс сезбеу сынды белгілер де білінеді. Дертке шалдыққандар ұстануы тиіс басты қағида – көп сұйықтық ішіп, дәрігер нұсқаулығын қатаң орындау. Еңсені түсіріп, үрейге бой алдырмауда маңызды. Ал, ауырмаудың жолын іздегендер ұдайы антисептик пайдаланып, адам көп шоғырланатын қоғамдық орындарға бармай, оқшаулануы керек. Масканы киюдің де талаптарын ұстанған жөн. Бір реттік медициналық маскаларды екі сағат сайын ауыстырылса, көп реттік маска күнде жуып тұруды қажет етеді. Масканы кигенде ауыз ғана емес мұрын да жабылуы тиіс. Өйткені, инфекция ішке мұрын мен ауыз арқылы түседі. Көпшілік орынға барған адам қолымен бет-ауызын, маскасын ұстамауы керек. Міне осындай ережелерді сақтану арқылы қауіпті дерттен аман қалуға болатынын ұғындырған дәрігерлер тұрғындардың сауалына да жауап берді. Үй жағдайында емделген науқастарды денсаулығына байланысты демалыс рәсімдеу, денсаулықты қалпына келтіру уақыты қызықтырса, өзге оқырмандар дәрігерлік кеңесін аямаған ақ халаттылардың еңбегіне табыс тілеп, алғыс білдіріп жатты.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## РЕЙД

# ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

***Елімізге ентелеп кірген аты жаман індеттің алын алу – баршамызға міндет. Қаламызда вирустың кең таралмауы жолында сақтық шаралары мейлінше күшейтілген. Дегенмен, немқұрайлылық танытып, карантин режимін бұзатындар болмай қалмайды. Індеттің жолын кесу мақсатында Жезқазған қаласы әкімдігі түнгі рейд ұйымдастырды. Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова бастаған мобильді топ бірнеше нысанда болып, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, көпшіліктің арыз-шағымын да назарға алды.***



Қала әкімінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 106 р бұйрығымен Жезқазған қаласында қатаң шектеу шараларын сақтау үшін 4 мобильді топ құрылды. Оларға тауарлар мен қызметтердің қауіпсіздігін бақылау бөлімінің өкілдері, қалалық ІІБ бөлімі, әкімдік қызметкерлері, кәсіпкерлер палатасы және қалалық мәслихат депутаты кірді.

Мобильді топтар күнделікті нысандарды (кафелер, мейрамханалар, дүкендер, ойын-сауық клубтары және т.б.) қатаң шектеу шараларын сақтау үшін жасайды.

Бүгінгі таңда 206 нысан тексеріліп, оның ішінде 25 нысанда КВИ-дің карантиндік шараларының бұзылуы анықталды. 6 нысан иелері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 425-бабы бойынша айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, Қазанбаев көшесінде жеке тұлға өз үйінде 30 адамнан артық кісі жинап, отбасылық іс-шара ұйымдастырған. Әлі де болса елімізде жарияланған карантинге ат үсті қарап, құлақаспай отырғандардар саны азамай отыр. Атап айтсақ, қаламыздағы «Граф», «Ясмин», «Adil», «Хот чик», «Зере», «Перекресток» дүкендері мен «Анкара» донер сататын шағын кафелері карантин талаптарын сақтамағандығы анықталып, айыппұл салынып және ескертулер жасалды. Осы уақытқа дейін 4 азық-түлік дүкеніне 15 айлық есеп көрсеткіш, 1 шағын кафеге 115 айлық есептік көрсеткіш, 1 қонақ үйге 15 айлық көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды. Қала әкімінің орынбасары басшылық ететін мобильді топ күн сайын қала аумағындағы орналасқан нысандарды жиі тексеріп, карантин режимін қатаң қадағалайтын болады.

**Ізтөлеу БЕКЕНҰЛЫ**

## ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

***Сыбайлас жемқорлық – өзекті мәселе және онымен күрес еліміздің әрбір азаматының ең маңызды міндеті. Сыбайлас жемқорлық қатерлі де тежеуіш фактор болып табылады. Ол мемлекетіміздің нарықтық экономикасының дамуын тежеп, ұлттық қауіпсіздікке қатер туғызады, халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімін төмендетеді. Бұл өзекті мәселе Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан да үнемі бақылауға алынып, алдын алу шаралары қолданылуда.***

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында көрсетілгендей, «заңды түрде бекітілген салықтарды, жинақтарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің парызы және міндеті болып табылады». Алайда, салық төлеу салық төлеушілердің мемлекет алдындағы борышы екендігін аңғармау пара беруге итермелейтін факторлардың бірі болып қала береді. Сондықтан, салық төлеушілер өз құқықтарымен қатар, міндеттерін де толық және уақытылы орындағаны дұрыс.

Салық жүйесі қызметін тиімді ету және салық төлеушілер құқықтарының сақталуы мақсатында Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасындағы салық төлеушілермен тікелей жұмыс жасайтын орталықтарда арнайы жәшіктер қойылған (1, 5 - кабинеттер).

Жоғарыда аталған орталықтарда салық қызметкері тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бейнекамералар жұмыс істейді.

Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының холлында шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік орнатылған. Аталған жәшікке мемлекеттік кірістер қызметкерінің заңға қайшы іс-әрекетін әшкерелеу мақсатында салық төлеушілердің жасырын шағымдары салынады.

Жемқорлық өзін - өзі тудырушы құбылыс. Оның түп тамыры әлеуметтік өмірдің өзімен сабақтас жатыр. Жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар тұтастай қоғамның міндеті. Жемқорлықтың тарауына және туындауына шектеу қоюдың жалпы ұлттық фундаменталды тұрақты негізін қалыптастыру қажет.

**Қымбат ҚАЗБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы бас маманы**

## КӘСІПКЕРЛЕР ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРУЫ КЕРЕК

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

***Медициналық сақтандыру жүйесінде жарналар мен аударымдардан босатылған шағын және орта бизнестің (ШОБ) 46 мыңнан астам қызметкері мәртебесіз қалуы мүмкін.* ШОБ *субъектілерінің қызметкерлері уақытша мәртебені өз бетінше бере алады.***

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылдың 1 сәуірінен 1 қазанына дейін шағын және орта бизнестің 29 санаты медициналық сақтандыру қорына жарналардан босатылды. Жарты жыл ішінде осы тізімде тұрған ШОБ-тің жұмыс берушілері медициналық сақтандыру қорына қызметкерлердің әрқайсысы үшін 2% және қызметкерлердің жалақысынан 1% жарна төлемейді. Жарналары түспейтін қызметкерлер осы 6 ай ішінде сақтандырылған болып қалуы үшін жұмыс берушілер қызметкерлердің тізімін медициналық сақтандыру жүйесіне енгізуі тиіс.

Медициналық сақтандыру қорына ақпарат беру механизмі: жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің тізімін ай сайын айдың 25-ен кешіктірмей электронды форматта ұсынуы тиіс. Бұл үшін мемлекеттік кірістер Комитетінің сайтындағы https://msb.fms.kz/login сілтемесі бойынша өту керек және іздеу тізімінде БСН бойынша өз ұйымыңызды таңдау қажет (Тізімде БСН болмаған жағдайда- тіркеу ұйымдастыру мүмкін емес). Содан кейін электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен заңды тұлғалар немесе жеке кәсіпкерлер Қордың ақпараттық жүйесіне тіркеліп, кіре алады және пайдаланушылық келісімге қол қоя алады. Одан әрі МӘМС төлеуден босатылған қызметкерлердің ЖСН қосылады – бұл Excel бір файлымен де, әрбір қызметкерге жеке жолмен қосуға мүмкін. Кейіннен деректерді қайта енгізудің қажеті жоқ, тек осы деректерді өзектендіру қажет болады. Өз кезегінде, бұл ақпарат ай сайын мемлекеттік кіріс комитетіне берілетін болады.

«Жұмыс берушілер өз қызметкерлеріне қамқорлық көрсетуі керек. Жұмыс берушілер тізімді уақытында беру керек екенін түсінген жөн. Өйткені, олардың қызметкерлері емханаға келіп жүгінгенде медициналық сақтандыру пакетіне толық қол жеткізе алу керек. Азаматтар емханаға келгенде мәртебесі «сақтандырылмаған» деген жағдайлар туындамас үшін» – деп толықтырды медициналық сақтандыру Қорының Қарағанды филиалының директоры Фазыл Көпобаев.

Жалдамалы қызметкерлер «Qoldau-24/7» мобильдік қосымшасы арқылы медициналық сақтандыру жүйесінде «сақтандырылған» деген уақытша мәртебені өз бетінше ала алады. Мобильдік қосымшада тіркелгеннен кейін «бізге жазыңыз» плагинін басу қажет, бұдан әрі «өтініш жасау» таңдау, «кеңес беруден» кейін өз өңіріңізді көрсету қажет. Өтініш жазу бөлімінде «Мен, иесі салық және әлеуметтік есептеуден босатылған шағын-орта бизнес қызметкерімін, бірақ бұл ретте ол мен туралы мәліметтерді медициналық сақтандыру қорына бермеген.», еңбек қызметі жүзеге асырылатын ұйымның БСН-ін, өзінің ЖСН-ін көрсету және еңбек шартының көшірмесін тіркеу қажет. Осы мәліметтерді тексергеннен кейін қызметкерге бір айға «сақтандырылған» мәртебесі беріледі. Кейіннен жұмыс беруші қызметкер туралы мәліметтерді жүйеге енгізу қажет.

**Жанар РАКИШЕВА,**
**қордың бас эксперті**

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# АЙМАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ ЕДІ



***«Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ» деген қағидаға сүйенсек, біздің халық әлемдік деңгейдегі адамзаттық, ақыл-ойды, «өткенге – салауат, бүгінге – тәуба, болашаққа – үміт» деп тұжырымдайды. Адамзат баласының мәңгі бақи қозғалыста болатын Өмір атты көш-керуенінде сөзбен сурет салып, сарай соққан, сөз қадірін түсініп, зиялысын қастерлеген қазақ ұлтының әлемдік руханият дүниесінен алатын орны да қомақты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дейді халқымыз. Еліне еңбегі сіңген елеулі азаматтардың өмірі жайлы мәліметтерді көпшілік назарына ұсыну, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесіне игі әсерін тигізері анық. Өйткені сөзі де, ісі де ірі, жаны жайсаң жандардың өмір жолы өсер елдің баласына өнеге болары да белгілі ғой. Уақыт тамырын дөп басқан жаңашылдығы мен «Елім» дегенде еселенген қажыр-қайратының арқасында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, есімдері елге танылған ардақты азаматтар жайлы, олардың қоғам дамуындағы орны туралы ой толғаудың бүгінгі таңда маңызы айрықша зор болса керек.***

Жезқазған өңірі республикамызға көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлерін берді. Олардың қатарында Парламент, Үкімет құрамында болған, облыс, аудан, қала басқарған, кеңестік-партиялық жетекші органдарда, оқу-ағарту жүйесінде жоғарғы лауазымды қызметтерін адал және абыроймен атқарған жезқазғандықтарды мақтаныш сезіммен айтамыз. Олардың қатарында О. Батырбеков, Ж. Қалмағанбетов, К. Смайылов, Т. Шарманов, З. Омарова, Ә. Байменов, О. Асылбеков, М. Төрегельдин, С. Қожамсейтов, Т. Исмағұлов, М. Мұратбаев, С. Байдалин, Қ. Шыңғысов, Т. Каленов, Қ. Күсенов, С. Болатбеков, М. Көпеев, М. Аханов, Ө Мұқанов, С. Досанов, Ж. Ибаділдин, Қ. Балмағанбетов, Б. Қапанов, Е. Шоланов, Е. Құттымбетов, А. Абсалықов, Ү. Есенов, Ж. Ерман, С. Тлеубаев, Б. Мұқышев, т.б. азаматтар бар. Сондықтан да, еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері жас буын біле бермейтін талай арыстарымыздың есімдері мен олар қалдырған рухани мұра ел-жұртымен қауышуы керек сияқты. Олардың арасында тәуелсіз еліміздің ірге тасының нығая беруі жолында тер төккен азаматтар да аз емес. Дегенмен, біз кейде атақ-даңқы дардай болмаса, қоғамға тигізген пайдасы таудай адамдарды елемей көлеңкеде қалдырып жатамыз.

Міне осындай өнегелі ісімен ел көзіне түскен, мақтауға да, жақтауға да тұратын ақыл-парасаты мол, өз ортасына бергені зор, өзіммен үзеңгілес, қызметтес болған, бүгінде өмірден озған Жұмамәді Ибаділдаұлы туралы айтқым келеді. Бұлай дейтінім, өзімізді, өзіміз түгендеп жүрмесек, кешегі болғанымызды, кешегі барымызды кім іздейді!? Жақсысын жадында сақтап, қастерлеп өскен, қасиетті жұрттың ұрпағы емес пе едік!

Мен Жұмамәді Ибаділдаұлын бұрын Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында сырттай білгеніммен, жүзбе-жүз танысуым, белгілі әуесқой сазгер, Батық асыл тұқымды мал зауытының директоры, бүгінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанған, жақын досым Жағыпар Әлімхановтың шаңырағында болды. Мен ол кезде Жезқазған облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе стансасының директоры болатынмын, Жұмекең облыстық халыққа тұрмыстық қызметтер көрсету басқармасы бастығы екен, яғни Жұмекең басқарманың аталған шаруашылыққа көрсеткен қызметтері үшін есеп айырысуға келген екен. Біраз әңгімелесіп, дәм ішіп болғаннан кейін, күн кешқұрым, ұмытпасам 35-40 градус аяз болатын, Жұмекең Жезқазғанға қайтам деді. Көлігі (крытый УАЗ) ескілеу екен, мен Жұмекеңе:

– Күн болса аяз, жол ұзақ, ертең ертемен неге шықпайсыз? – деп едім:

– Бүгін баруым керек, – деп жолға шығып кетті. Ертеңіне Жезқазған облысы әкімі Қажымұрат Ыбрайұлы Нағымановтың шешімімен Жұмамәді Ибаділдаұлының Жезқазған қаласы әкімі болып тағайындалғанын естідік. Осыдан бастап, Жұмекеңмен қызметтік қарым-қатынастарымыз қалыптаса бастады.

Мен басқаратын облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасы «Ғылыми-өндірістік мекеме» ретінде тікелей Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясына бағынышты болғанымен, шаруашылық Кеңгір кентінің әлеуметтік салалар қызметтері бойынша қала әкімшілігімен етене іс-шаралар атқару қажеттілік болды. Бұл істе кент әкімі Тамаш Қайрақбаев ағамыздың да еңбегі зор болды, яғни қала әкімдігі мен шаруашылық арасында шынайы түсіністіктегі байланыстылықты қалыптастырып отырды. Ол кезде тұрғын үй, әлеуметтік нысандар жылу мәселесі күрделі болатын. Жұмекеңнің қолдауымен кенттегі 9 екі және үш қабатты үйлерге арнайы кіші жылу қазандықтарын салдық, кейінде бұған орта мектеп жылу жүйесі де қосылды. Сонымен қатар, нарыққа өтпелі кезеңде облыстық тәжірибе станциясының тәжірибе шаруашылығын реформалау іс-шарасын да қала әкімдігі қолдап отырды, (ол кезде жаңадан құрылған еншілес кәсіпорындар қала әкімі қаулысы арқылы ресімделетін) ақырында бұл жұмыс жақсы жетістіктерге жетуге жол ашты. Іргелес екі (Жезқазған, Сәтбаев) қала тұрғындарын сапалы, жеткілікті ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етуде де Жұмекеңнің еңбегі аз болған жоқ. Мысалы, Жезқазғанға, Қ. И. Сәтбаев атындағы кен-металлургия комбинатын басқаруға «Самсунг» шет елдік фирмасының келіп жатқан кезі болатын. Жұмекең бірде маған:

– Қаладағы басты кәсіпорынға иелік ететін шетелдік құрылым басшысы Владимир Сергеевич Ким бүгін маған келді, таныстық. Жаман жігіт емес сияқты. Мен білсем, бұлар ұзақ мерзімге келген, сондықтан бұлармен жақсы қарым-қатынаста болу, қала басшысы мен үшін де, ғылыми-өндірістік бірлестік басшысы сен үшін де артық болмайды деп ойлаймын, – деді.

Содан мен сөздің парқын түсініп, Теректі бөлімшесінің табиғаты жақсы жеріне кигіз үйлер тіктіріп, В.С. Кимді, Жұмекеңнің қатысуымен қонақ еттік. Содан облыстық тәжірибе стансасының, тәжірибе шаруашылығы мен «Қазақмыс» корпарациясы арасында жылда жасалатын екі жаққа тиімді келісім шарттар, ауыл шаруашылығы, әсіресе көкөніс, картоп өнімдер өндірісін еселеп арттырды (Кейінде Шет ауданы әкімі қызметінде болғанымда В.С.Ким командасымен, тік ұшақпен ауданға келіп, ауданның 70 жылдық тойын атап өтуге демеушілік көрсетті). Сондай-ақ, менің байқағаным, Жұмамәді Ибаділдаұлы қай істе болмасын шешімді қызметтік кабинетте емес, тиісті ортаға барып, көзбен көріп дегендей қабылдайтындығы болды. 1997 жылы мен кезекті еңбек демалысына кеткенімде бар облыс, демалыстан келгенімде Қарағанды облысына қосылатын болып, Қарағанды облысы басшылары Жезқазғанда келіп те кеткен екен. Содан жұмысқа шыққанымда қабылдау бөлмемдегі хатшы, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Н. Бектұрғановтың менің телефон шалуымды тапсырғанын айтты. Бірақ та, жұмысбастылықтан ба, білмеймін ұмытып кетіппін, облыс әкімі орынбасарына хабарласқаным жоқ. Ұмытпасам, бір жетіден кейін болса керек, қала әкімі Жұмекең маған телефон шалып, облыстың тарауына байланысты қызметтерінен босаған, бұрынғы облыс әкімі орынбасарлары және облыстық мәслихат хатшысы мен (М.Мұратбаев, В. Чирков, К.Шушиков, Ү. Есенов) менің де Қарағанды облысы әкімі П.П. Нефодовтың қабылдауына шақырылғанымды айтты. Мен де өз кезегінде Жұмекеңе аталған азаматтар қызметтерінен «айырылғандар», мені не үшін шақырды екен деп сұрадым. Жұмакең күліп:

– Барғасын білесің, қуануың керек, – деді.

Содан 1997 жылдың 2 маусымынан Шет ауданы әкімі қызметіне тағайындалдым. Дәл осы кезең (облыс тараған) басқаларға қарағанда, Жұмекең үшін өте күрделі уақыт болды. Атап айтқанда, көштен жұртта қалғандай күй кешкен, Жезқазған қаласы халқының мұң-мұқтажын шешу оңай болған жоқ. Мысалы, кейбір Қарағанды шенеуніктері Жезқазғандағы облыстық мекемелердің қызметтік бөлмелеріндегі едендік линолеумге дейін жинап әкеткен жағдайлар болды. Жезқазған облысы аймағы салықтар түсімінен жаңа облысқа алынатын сома (изъятие) көлемі еселеп артты. Жұмамәді Ибаділдаұлының іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттілігі осы кезде анық байқалғандай болды. Жұмекең өңірде біліктілігімен ерекшеленген бұрынғы облыс әкімі Қажымұрат Ыбрайұлы Нағымановтың қаланың санитарлық, жылу мәселелері бойынша озық іс-тәжірибелерін жалғастыра, жетілдіре пайдаланды. Сондай-ақ, біршама уақыт, бұрынғы Жезқазған өңірі аудан, қала әкімдіктері жұмыстарын қадағалайтын облыс әкімінің орынбасары қызметін де қосымша атқарды. Жұмекеңнің 10 жылға тарта қала әкімі қызметінің бағасын, елге еткен еңбегін кейін қалада әкімдер жиі ауыса бастағанда қала тұрғындары анық сезінгендей болды. Облыс деңгейінде де Жұмекеңнің мәртебесі жоғары болды. Ол кезде Жамбыл облысында жер сілкіну апатына, Қарағандыда аяқталмаған мешіт құрылысына, «Этно» саябақ салуға демеушілік көрсетуде, облыстың аудан, қала әкімдіктері арасында Жезқазған қаласы көштің алдында болды, облыс әкімінің ризашылығын тұрақты иеленіп жүрді. Бір сөзбен айтқанда, облыс әкімдер қауымының мақтанышы, аймақтың бетке ұстар тірегі болды.

Осы орайда бір жәйтті айтқым келеді. Шет ауданы әкімі қызметінде болғанымда, шетелдік «Ново-Цинк» АҚ (Ақжал кен орны) басшылығы ауданның жер аумағы үлкендігін ескерген болу керек, жаңадан шыққан «УАЗ» автокөлігін ауданға қызметтік пайдалануға тегін берді. Содан кезекті бір облыстық әкімдік отырысында облыс әкімі Камалтин Мұхамеджанов, аяқ астынан:

– Шет ауданы әкімі, демеушілік тапсырманы толық орындамай, «Джип» сатып алыпты, – деп негізсіз сын айтты.

Мен де орнымнан тұрып уәжімді айтқым келіп еді, облыс әкімі отыр дегесін, әрі қарай сөз жарыстыруды жөн көрмедім. Дегенмен, жиын аяқталған соң облыс әкіміне кіріп, мән-жайды түсіндірмекші болғанымда, ол маған:

– Сен білесің бе, бұл да коррупцияға жатады, – демесі бар ма? Мен де іркілместен:

– Сіз де қызметтік мақсатқа, «Қазақмыс» корпорациясы есебінен, шетелдік «Мерседес», «Джип» автокөліктерін пайдаланып отырсыз ғой, – дедім. Ашуға булыққан облыс әкімі:

Осы жезқазғандықтар, бәрің лауазымдық қызметтеріңді атқарудан гөрі, дау-дамайға дайын тұрады екенсіңдер, – деді. Шыны керек мұндай алалаушылықты, ол кезде Қарағандыда жиі еститінбіз. Мен де облыс әкіміне:

– Бұның ішіне Жұмамәді де бар ма? – деп сұрадым. Оған Камалтин Ескендірұлы:

– Жоқ, Жұмамәді ондай емес, – деді. Сонда мен:

– Онда жезқазғандықтардың бәрі сіз айтқандай емес қой, – дедім.

Осымен бұл әңгімеміз тең аяқталғандай болды. Менің бұны жазып отырғаным, Жұмекең жезқазғандық әкімдер үшін қорған, мақтан ететін тұлға бола алды. Дегенмен де, Жұмекең екеуміз аз мерзім істемесек те, әкімдік қызметтен




өз еріктерімізбен кеткеніміз жоқ, бұған себеп, мемлекеттік қызметтегі «құйтырқы» саясат болды. Сонымен, екеуміз де бір кезеңде Қарағанды қаласында, мен облыстық жер қатынастары басқармасы бастығы орынбасары, Жұмекең облыстық азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларға жұмылдыру басқармасы бастығы қызметтеріне тағайындалдық, Бұл екі басқарма да, облыстық мекемелер ғимаратының 2 және 3-қабаттарында орналасты. Сол кезде мен жиі Жұмекеңе барып, екеуміз (қызмет бөлмесіне) өткен-кеткенді еске алып дегендей, әңгімелесетін едік. Менің есімде қалғаны, Жұмекең біреуге разы болғанда:

– Кәкімжан, байқайсың ба, сол жігіттің пейілі, жібі, сөзі түзу азамат сияқты, – деуші еді. Кейде мен біреуді аққөңіл жақсы азамат дегенімде, Жұмекең:

– Бүгінгі заманда тым аққөңілділік те жараспайды, аққөңіл дегенше, ақымақ десейші, – деп әзіл-шынын араластыратын еді.

Менің Жұмамәді ағаммен (аз да болса үлкендігі бар) соңғы тілдесуім (телефонмен) өңірге белгілі, асыл ағамыз С. Байдалиннің зайыбы Айсұлу өмірден өткенде, Сабит ағамның «Кәкімжан сен хабар берші, Жұмамәді естімей қалуы мүмкін» дегеніне байланысты болды. Одан бері де қанша уақыт өтті. Әрине, айтатын әңгіме көп. Сөз соңында айтарым, Жұмамәді Ибаділдаұлы қала әкімі қызметінде өзін де, Жезқазған қаласын да сыртқа танымал етті деуге болады. Ал есімін ұлықтау жөнінде, «үйту керек», «бүйту керек» дегенім ретсіз шығар, бүгінде Жұмекеңнің атқарған еңбегін әділ бағалайтын азаматтар баршылық, яғни бұл мәселені солардың еншісіне қалдырған жөн сияқты. Бір кезде өрісін өрден іздеген жас талап, одан кейін маңдайы жарқыраған жайсаң жігіт, одан әрі қарай ел қамын ойлап, ерте тұрып, кеш жатқан ер азамат Жұмамәді Ибаділдаұлы туралы менің білетінім – осы. Жұмекеңнің жатқан жері жарық, топырағы торқа, жаны жәннатта болғай!

**Кәкімжан САРХАНОВ,**
**1997-2005 жылдардағы Шет ауданының әкімі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясының академигі**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

***Пандемияға байланысты енгізілген карантиндік режимге және қызметтегі шектеулерге қарамастан көптеген кәсіпкерлік субъектілері (азық-түлік емес тауарларды сату бойынша, қоғамдық тамақтану объектілері және т. б.) онлайн жұмыс режиміне көшті. Жалпы алғанда, қаланың шағын және орта бизнестің жағдайы тұрақты, жұмыс орындарының қысқаруы немесе объектілердің жабылуы болған жоқ деп айтуға болады. Шағын және орта бизнес біртіндеп өз арнасына кіріп, дамуын жалғастыруда.***

# КӘСІПКЕРЛІК ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Шағын және орта бизнестің даму дәрежесін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі ол ішкі сауда көлемі болып табылады. Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша ол 16,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16 пайызға жоғары. Осы көрсеткіш бойынша облыстағы қалалар мен аудандар арасында Жезқазған I орында тұр.

Ағымдағы жылы 2 млрд. 930 млн. теңге инвестиция көлемімен сауда және қызмет көрсету саласында 30 нысан іске қосылады деп жоспарлануда, оның ішінде қаңтар-мамыр айында 80 жаңа жұмыс орнын қамтитын, инвестиция көлемі 1 млрд 410 млн теңге құрайтын 17 нысан іске қосылды. Олардың ішінде ең ірі нысандарды атап өтуге болады, олар – «Мечта» сауда үйі, «Ойна» ойын-сауық орталығы, «Sulpak» сауда үйі, «Esentay Cinema» кинозалы.

Объектілер бойынша құрылыс жұмыстары жалғасуда, олар «Самади» гипермаркеті («Исина» ЖК), қонақ үй кешені («Құрылыс» ЖК), спорттық-сауықтыру орталығы («Хасмамедов А.Х.» ЖК) және т.б. Бұл нысандарды іске қосу келесі жылға жоспарланды.

ҚР Үкіметі кәсіпкерлікті және отандық өндірісті қолдауда дағдарысқа қарсы шараларын қабылдады. Мемлекеттік бағдарламалардың жаңа пакеттерінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасын жүзеге асыруға несиелерді субсидиялау және кепілдендіру құралдары бойынша 1,9 млрд теңге, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыруға 300 млрд. теңге қарастырылған. Кредиттің жоғарғы шегін 7 млрд. теңгеге дейін ұлғайту «Бизнестің жол картасы – 2025» бойынша бизнестің айналым қаражатын қаржыландыруды кеңейту, түпкілікті мөлшерлемені 6% ету көзделген. «Бизнестің жол картасы – 2025» бойынша кепіл жетіспеушілігі мәселесін шешуде орта бизнес үшін 50% мөлшерімен кепілдіруімен, несие сомасы 1 млрд. теңгеге ұлғаюда. Шағын және микро бизнес үшін 85%-ға дейін кепілдіктерді беру тетігін оңайлатумен, кепілдік берумен қатар несие сомасы 360 млн. теңгеге дейін ұлғайды.

Бұл жағдайда ШОБ субъектілерін қолдаудың дағдарысқа қарсы бағыттарының бірі пандемия және қызметін шектеу салдарынан қаржылық жағдайы нашарлағандар үшін кредиттер бойынша 90 күн мерзімге кейінге қалдыру болып табылады.

Жезқазған қаласы бойынша несие беру деңгейінің төмендеуі жоқ деп айтуға болады. Қаланың кәсіпкерлік ортасы мемлекеттік қолдау шараларын пайдалануға белсенді қатысуда.

Ағымдағы жылдың басынан бастап «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде 500 млн. теңгеден астам сомаға 16 субъект қаржылай қолдау алды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде ауылда және қалада кәсіпкерлік қызметті дамыту және кеңейту үшін 150 млн. теңгеден астам сомаға 18 шағын несие берілді.

Несие бойынша кейінге қалдыруды ұсынуға қатысты: мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша серіктес - II деңгейдегі банк филиалдарының ақпаратына сәйкес бүгінгі күні Жезқазған қаласы бойынша 100-ге жуық кәсіпкерлік субъектілеріне несие бойынша мерзімін ұзарту берілді.

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағытталған: «Бизнестің жол картасы – 2025», Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру жалғасуда.

Инфляциялық процестерді тежеу және азық-түлік бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында бірқатар шаралар қабылдануда:

– жыл басынан бері I сұрыпты нанның (әлеуметтік нан) бағасын тұрақтандыру мақсатында «Ұлытау нан» ЖШС-ға 108 тг/кг бағасына 670 тонна ұн жеткізу



ұйымдастырылды, оның ішінде шілдеде «Қарағанды ұн тарту зауыты» ЖШС 398 тонна,«Эталон» ЖШС-мен 272 тонна;

– тұрақтандыру қорынан тамақ өнімдерін жеткізу ұйымдастырылды:

– күнбағыс майы 1,5 тонна, картоп 30 тонна, пияз 1,5 тонна, қырыққабат 1 тонна, сәбіз 700 кг, қызылша 200 кг, қарақұмық 1 тонна, жұмыртқа 158 400 дана, рожки 5 тонна;

Азық-түлік өнімдері бөлінген кезде тұрақтандыру қорынан жеткізіледі.

– Мамыр айында «ҰлытауНан» ЖШС-нің 3 сауда нүктесі (шағын павильондар) ашылды және жұмыс істейді.

– аланы 3000 шаршы метрді құрайтын «Самади» супермаркеті салынуда, бағалары әлеуметтік бағытта болады.

– «ULY DALA» гипермаркеті жұмыс істейді, онда азық-түліктің барлық түрлері төмен бағамен сатылады. «ULY DALA» бойынша 4 минимаркет салу басталды (ашылуы осы жылдың қазан айында жоспарланған), жыл соңына дейін жоспарланған барлық 10 минимаркет ашылады.

Жыл басынан бері Жезқазған қаласында әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлары 19 атауларына баға индексі 104,2% құрады (Қарағанды – 107,1%, ҚР - 105,9%), бұл Қарағанды қаласымен салыстарғанда 2,9 % төмен және орташа республикалық деңгейден 1,7 % төмен (статистикалық көрсеткіш).

Бүгінгі күні қаламызда 5660 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер жұмыс істеуде, оның 1075-і – заңды тұлғалар, 4319-ы – жеке кәсіпкерлер және 266-ы – шаруа қожалықтары.

Жұмыс істейтіндер саны 14,3 мыңға жетіп, 2019 жылы шағын және орта бизнес субъектілерімен шығарылған өнім (жұмыстар мен қызметтер) көлемі 45 млрд. 630 млн. теңгені құрады

**Жанат МЕЙРАМҒАЛИЕВА,**
**Жезқазған қаласы кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары**

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

# БІЛІМ БИІККЕ БАСТАЙДЫ

***Қай елдің тарихын алып қарасақ та, азаттыққа оңайлықпен қол жеткізбегенін байқаймыз. Азамат ес біліп, оңы мен солын тани бастағаннан тарихты білуге құштарлық танытады. Қандай уақытта өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпағына қандай жақсы істер қалдырдым деп ойланады. Мен де ұстаз ретінде ата-анадан алған тәрбиемен еңбек етіп, өскелең ұрпақты жақсылыққа баулуда шамамның келгенінше адал еңбек еттім деп ойлаймын. Бұл өмірде өзгермейтін нәрсе ол адами құндылықтар – үлкенге құрмет, кішіге ізет. Осы екі қасиет бойынан төгіліп тұрса, қалғанын өзі-ақ теріп алары сөзсіз. Бүгінгі ұрпаққа мүмкіндіктер толып жатыр. Қандай білім алғысы келеді, елінің керегіне сай қандай мамандық иесі болғысы келеді – бәрі өз қалауында. Еліміз егемендік алғалы жастардың сапалы білім алуына мол мүмкіндік жасалуда.***

Қазақстан Республикасы атты Тәуелсіз мемлекеттің пайда болуы мен қалыптасу жолы оңайға соқпағаны рас. Қаншама тар жол, тайғақ кешулерді басымыздан өткерсек те, ұлы рухымыздан айрылмадық, қанға сіңген асқақтығымызды жоғалтпадық. Шекарамызды белгілеп, ұлан-ғайыр аймаққа иелік етіп отырмыз. Дініміз де, діліміз де аман. Бастысы жойылудың алдында тұрған туған тілімізді, қазақ тілін сақтап қалдық. Бірлігіміз бекем, әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен иық тіресетіндей күйіміз бар.

Қай кезде де елдің негізгі тірегі жастар екені белгілі. Өткенін ұмытқан елдің ертеңі де бұлыңғыр. Егемендікке қол жеткізген күннен бастап елімізде білім беру саласына көптеп көңіл бөліне бастады. Тәуелсіздік жылдарында «Білім туралы» үш заң қабылданыпты. 1992, 1999 және 2007 жылдары білім беру жүйесінің құрылымы ЮНЕСКО-ның халықаралық стандарттық классификациясына сәйкестендірілген. 1991 жылдан бастап білім беру саласындағы мемлекеттік саясат білім беру жүйесін сапалық жағынан жақсарту мақсатын қойды. Осы аралықта білім беруді басқару мен қаржыландырудың құқықтық-заңнамалық базасы қалыптасты. Мамандардың Қазақстанда жоғары білім беру саласын реформалау 1995 жылдан бастап қарқынды жүрді. Білім беру саласында жүргізілген реформаға сәйкес, 90-шы жылдары бірқатар өзгерістерге қол жетті: білім беру мекемелерінің құзіреті кеңейді; жалпы орта білім мен мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді тегін оқытуға мемлекет кепілдігі берілді; үш тілде оқыту жүйесі енгізілді; мемлекеттік емес оқу орындарына рұқсат беріліп, басқа мемлекет азаматтарына ҚР азаматымен тең дәрежеде білім алуға рұқсат берілді; кредиттік жүйе мен тегін оқу гранты бөлінді; жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарына кәсіби білім алу мен мобильділік бойынша оқуға мүмкіндік берілді; ЖОО жоғары білімді шыңдауға мүмкіндік беретін негізгі әлеуметтік орын ретінде дербестікке ие болды.

1997 жылы Қазақстанда жаңа әлеуметтік стратегияның құрылуына негіз болған ұлттық жобалар дайындалды. Бұл бағдарламалар адами капиталды дамыту, оның білімі, денсаулығы, игілігіне қатысты сұрақтардың шешімін табуымен маңызды. Білім сапасын көтеруге байланысты елімізде 2005 жылға дейін «Ауыл мектебі» атты мемлекеттік бағдарлама жүргізілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты еліміздегі ауылдық мектептерді белгілі бағыттар бойынша дамыту болды. Көптеген аймақта мектептер жетіспегендіктен, жауапты министрлік ауыл мектептерін білікті мамандармен қамтуды қолға алды. Осы шаралар «Білім» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалғасын тапты.

Мемлекеттің білім беру саясатын дамытудың ұзақмерзімді құжаты – 2004 жылы қабылданған «ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» болды. Тұжырымдама – білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындады. Биылға дейін білім беру саласына бұдан да көп өзгерістер енгізіліп жатыр. Әр білім және ғылым министрі өз идеясымен келеді. Бүгінгі білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовке алғысым шексіз. Елді дүрбелеңге салған ауыр індет тұсында білім жүйесін оқушылар мен студенттерге барынша ыңғайластыруға тырысып, жанталасқан оның еңбегі мақтауға тұрарлық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында санамыздың ісімізден озық жүруінің маңыздылығын атап, жүйелі түрде талдап көрсетті. Аталған бағдарламалық мақалада көңілімізді көптен күпті еткен жайттар қолмен қойғандай жіктеліп, жіліктеліп, алдымызға өте түсінікті түрде тартылып отыр. Кемеңгер көшбасшының ізін жалғаған бүгінгі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та білім саласындағы түйткілді мәселелерді шешуге тапсырма беріп, жастарға қолдау барын сездірді. Осы тұста педагог мәртебесінің де көтерілгенін мақтанышпен айтамыз. «Алты алаш бас қосқанда, төр – мұғалімдікі» деген ұлттың ұрпағымыз ғой. Тәрбиенің түпқазығы іспетті ұстаздар қауымы барда, Абайдың кез келген қара сөзін оқып, түсініп, ойтүйетін жастар көп болса, егемендігіміздің ғұмыры сан ғасырға жетіп, қазақ елі мәңгі жасары ақиқат.

**Нұрия ЖҰМАЖАНОВА,**
**Жезқазған қаласының Құрметті азаматы**




***Биыл 15 наурыздан бастап әлем бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты еліміздің барлық аумағында және оның жекелеген жерлерінде карантин режимі енгізілді.***

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ




Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында аса көрегендікпен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайту және 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілу қажеттігі тапсырылған.

Жалпы, халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің уақытша жабыла тұруы және олардың жұмысы онлайн режимге көшуі мемлекеттік қызмет саласын цифрландыруды жеделдетуде және азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеуде оң әсерін тигізді.

Мысалы, карантин басталғалы бері «электронды үкімет» порталы арқылы 5,3 млн. астам қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, күні кешеге дейін ЭЦҚ алу процесі азаматтар үшін қиындықтар туғызып, ХҚКО міндетті түрде баруына тура келген болатын.

Ал одан бас тарту және өзгеше алу жолдары біраз жылдар бойы талқыланған болатын. Алайда, қазіргі орын алған жағдай осы мәселенің қысқа уақыт ішінде өз шешімін табуына алып келді.

Осылайша, 2020 жылдың бірінші тоқсанында 3 млн. жуық ЭЦҚ алынды, бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 миллиондай көп.

Тәжірибе көрсеткендей, қызметтерді баламалы түрде көрсету электрондық үкіметтің дамуына «тежегіш» болып табылады.

Бүгінде әрбір азамат мемлекеттік қызметтердің көпшілігін онлайн тапсырыс беруге болатынын біледі. Алайда, бұрын «электрондық үкімет» порталымен қатар ХҚКО жұмыс істеді, барлық туындаған сұрақтар мен қиындықтарды адамдар сол жерге жүгіну арқылы шешіп отырды. Қазір мұндай нұсқа жоқ. Сондықтан, барлығына қызмет көрсетуді жедел игеруге тура келеді. «Электрондық үкімет» порталы жүйе жұмысының қыр-сырын түсіну үшін Республикада қызмет алушылардың сұрақтарына жеделден қою үшін арнайы Call-орталық ашылды. Бұл орталыққа 1414 нөмірі бойынша қоңырау шалады. Қазіргі уақытта 2,5 мыңнан астам фронт-кеңселердің операторлары кеңес беруге бейімделген.

Сіз мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алу арқылы уақытты үнемдейсіз.

Қызметтердің көпшілігін ЭЦҚ болған жағдайда ғана «электрондық үкімет» порталынан алуға болады. Ал егер адамда электрондық цифрлық қолтаңба болмаса не істеу керек?

ЭЦҚ үйден шықпай-ақ онлайн алуға болады. Азаматтардың ТЖ және карантин режимі кезінде ХҚКО-на жүгінбей-ақ электрондық цифрлық қолтаңба алуға мүмкіндігі пайда болды. Азаматтарды сәйкестендіру үшін селфи жасау, өз куәлігіңізді жүктеу және бейне байланыс арқылы қосылатын ХҚКО қызметкерінің бірнеше сұрақтарына жауап беру қажет. Жақында заңды тұлғалар үшін ЭЦҚ алу мүмкіндігі іске қосылды.

ЭЦҚ онлайн режимінде қалай алуға болатыны туралы арнайы нұсқаулық әзірленіп, іс-әрекет алгоритмі егжей-тегжейлі порталда жазылған. Бұл тақырыпта тіпті арнайы оқыту бейнелері бар. Сондай-ақ, халық 1414 Бірыңғай байланыс орталығының кеңесін белсенді пайдалануды жалғастыруда.

Естеріңізге сала кетсек, осы таңда онлайн түрінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 80% қолжетімді. Оны қазақстандықтар egov.kz порталы, eGov Mobile қосымшасы және Telegram (EgovKzBot2.0) мессенджерлеріндегі чат-боттардың және Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерінің көмегімен ала алады.

Бұл үшін басты шарттардың бірі қызмет алушының ұялы телефон нөмірі азаматтар базасында тіркелген және телефонда қосымшалардың болуы. Айта кетейік, мобильдік азаматтар базасына электронды үкімет порталындағы виртуалды ассистент көмегімен ұялы телефон нөмірін тіркеуге болады.

Сонымен қатар, жалпы облыс бойынша 1381 өзі - өзіне қызмет көрсету бұрыштары жұмыс жасауда. Олар барлық қажет құралдармен жабдықталған (интернет, компьютер, принтер, сканер). Электрондық форматқа көшірілген және «электрондық үкімет» порталында қолжетімді барлық мемлекеттік қызметтерді азаматтар тек өз бетінше немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында, яғни тек ХҚКБ ғимараттарында ғана емес, сондай-ақ, әкімдік жанындағы фронт-офистерде, оқу және медициналық ұйымдарда және т.б. орналасқан, интернетпен және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз етілген өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштарынан ала алады.

Қызмет алушыларға ыңғайлы болу үшін және қызмет алушыларға бағдарлану мақсатында Теміртау және Қарағанды қалаларында орналасқан өзі - өзіне қызмет көрсету бұрыштары қолданыстағы «2ГИС» картасының базасына енгізілгенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ, қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қазақстандықтардың ыңғайлығы үшін ХҚКО-да кезекті брондау қызметі қосылды. Енді көрсетілетін қызметті алушылар ХҚКО-на тек порталдан ғана емес, сонымен қатар egov.kz және 1414 байланыс орталығы арқылы, сондай-ақ Telegram-бот арқылы кезекті брондай алады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән беруде.

**Ж. ЖҮНІС,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы**

## ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА




# ХАЛҚЫНА ҚАДІРЛІ БОЛҒАН

***Ұлы Отан соғысында елін қорғап, қасық қаны қалғанша шайқасқан батырлар қаншама?! Біздің парыз – сол арыстардың ерлігін ұлықтау, есімдерін ұмыттырмау. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында атпал, арыс азаматтар жанын пида етсе, аман оралғандары бейбіт еңбекте ауыр жүк арқалап жүріп аға ұрпақтың, қайсар ұрпақтың өнегесін көрсетті. Олардың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа өнеге, тарих бетінде алтын әріппен жазылған. Сондай өнегеге толы өмір жолын салып кеткен ардагерлеріміздің бірегейі, ел ағасы – Қалкен МӘКЕНБАЙҰЛЫ.***



Қалкен Мәкенбайұлы Мәкенбаев 1924 жылы 20 тамызда Қарағанды облысы, Актоғай ауданы, «Қызыларай» кеңшарында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, мәдениет қайраткері, Жезқазған қаласы, Актоғай және Ұлытау аудандарының Құрметті азаматы. І дәрежелі «Отан соғысы» орденінің және бірнеше жауынгерлік, мерекелік медальдердің, екі мәрте Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Құрмет грамотасының иегері. Мектеп бітірген соң Қарқаралы педагогтік техникумына оқуға түсіп, Могилевский, Ясиневский сияқты саяси көзқарастары үшін қуғын көрген профессорлардан дәріс тыңдайды. 1922 жылы Әлімхан Ермековтің атсалысуымен ашылған аталмыш оқу орнын 1941 жылы бітіреді. Осы кезде ол Алаш арыстары Ә.Бөкейханов, Ә. Ермеков, Ж. Ақбаев сынды ұлт жанашырларының идеяларымен, бағдарламаларымен, атқарған абыройлы істерімен танысып өседі.

Ұлы Отан соғысы басталған жылы 17 жастағы Қалкен әкей 8 ай Ташкенттегі әскери пулемет-миномет училищесінде оқып, тәжірибе-сынақтан өтеді. 1942 жылы тамыз айында майдан даласына аттанады. Сталинград майданына түскен ол алғашқы ұрысқа 1942 жылдың 3 қыркүйегінде кіреді. 64-армия, 169-атқыштар дивизиясы, 434-атқыштар полкінің 1-батальон құрамында пулемет взводының командирі болды. Сталинград қаласын қорғау үшін болған кескілескен шайқастың ортасында болған майдангер 1942 жылдың 22 желтоқсанында ауыр жарақат алып, госпитальге түседі. 1943 жылы елге оралады. Майданнан қайтқан жаралы жауынгер тылдағы еңбекке араласады. Сол жылы «Қызыларай» елді-мекеніндегі мектепке директор болып орналасып, осы қызметті жеті жыл бойы (1943-1950) атқарады. 1950-1973 жылдар аралығында ауданның партия-кеңес, комсомол жұмыстарының жауапты буындарында қызмет етіп шыңдалады. 1973 жылы Жезқазған облысы құрылып, Жезқазған облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып тағайындалады. Аталған қызметті ол 1986 жылға дейін атқарады. Осы жылдарда облыстық партия және облыстық атқару комитеті қолдауымен, облыстық мәдениет басқармасының жетекшілігімен мәдени-рухани салада айтулы істер атқарылды: 1973 жылдың тамыз айында Сәтбаев қаласында мәдени-ағарту училищесі ашылды; 1980 жылы Жезқазған қаласында музыкалық училище ашылды; облыс бойынша 150-ден астам кітапханалар мен клуб ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады; барлық қалалар мен аудандарда мәдени-демалыс бақтары, атракциондар іске қосылды; облыстық қуыршақ театры ашылып, облыстық шығармашылық үйі жұмыс істей бастады; 1974 жылы облыстық филармония құрылды; Жезқазғанда өнер мектебі, барлық аудан орталықтарында музыка мектептері ашылды; Жезқазған мен Ақтоғай ауданының орталығында тарихи мұражай, Балқаш қаласында этнографиялық мұражай іске қосылды; республика бойынша тұңғыш рет кітапхана жүйесін орталықтандыру тәжірибесынағы өткізіліп, тың бастаманың қорытынды нәтижелері, тәжірибесі басқа республикаларға насихатталды; облыс бойынша мәдени-рухани қызмет сапасы артып, осы саланың материалдық-техникалық базасы нығайды. Атқарылған осындай игі істердің нәтижесінде өнер ұжымдарының жұмысы да жанданды. 1986 жылы Қалкен Мәкенбайұлы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шығады. Зейнет демалысында жүрсе де, қоғамдық жұмыстардан қол үзген жоқ. 1992-1997 жылдар аралығында Жезқазған әкімінің жанындағы алқа мүшесі, облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. 1997 жылдан кейін (облыс таратылған соң) Жезқазған аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қарағанды облыстық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесі төрағасының орынбасары болды. Республикалық ардагерлер кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Отан» орденімен марапатталды. 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығына және 2005 жылы Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай Мәскеу қаласында өткен Жеңіс шеруіне қатысқан майдангер-ардагер.

2007 жылдың қараша айында Қалкен Мәкенбайұлының құжаттары мемлекеттік архивке қабылданып, №463-ші Жезқазған, Сәтбаев қалаларының Құрметті азаматтары топтамасының 9 тізімдемесіне 1947-2007 жылдардағы 19 іс, 300 құжат болып енгізілген. Өткізілген құжаттары негізінен шығармашылық қызметіне қатысты құжаттары, жеке, өмірбаяндық құжаттары, жинақтаған материалдары, фотоқұжаттары болып табылады. «Славные ардагеры Алаша», «У стен Сталинграда», «Ерлік – мәңгі өшпейтін тағылым», «Береке-бірлігіміз мәңгілік болғай!» атты мақалалары, сондай-ақ туған жер тарихына байланысты мақалалары тізімдеменің бірінші бөлімінде топтастырылған. Ардагер атамыздың журналистерге берген сұхбаттары, ол кісі жайында жазылған құнды жазбалар да толықтай берілген.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентіне ақ тілеу бата берген, шежіре-қарт, қайраткер қария 2010 жылдың 31 мамырында дүниеден өтті. Ардагер Қалкен әкейдің өмірін өнеге тұтқан ұрпағы, мұрағаттағы мол мұрасы, ғибратқа толы дара тұлғасы, жемісті еңбек жолы келешек ұрпаққа мәңгілік үлгі болып қала бермек.

**Жаңағүл ОСПАНОВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар, ақпарат және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің басшысы**

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ АРТА ТҮСТІ

***Халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығының деңгейін анықтайтын жыл сайынғы тәуелсіз әлеуметтік зерттеудің қорытындысы шығарылды.***

Зерттеулерді «Стратегиялық зерттеулер орталығы» Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаласының тұрғындары арасында жаппай сауалнама жүргізу әдісімен өткізді. Жалпы алғанда 3000 респондент сауалнамаға қатысты, олардың ішінде жалдамалы қызметкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыссыз адамдар бар. Респонденттердің басым бөлігі (сауалнамаға қатысқандардың 899-ы немесе 29,97%) коммерциялық бизнес саласында жұмыс істейтіндер. Одан кейінгілер өндірістік бизнесте жұмыспен қамтылғандар – 386 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 12,87%-ы. Сұралғандардың арасында маңыздылығы жағынан үшінші топ – 368 адам немесе 12,27% болатын ауыл шаруашылығы қызметкерлері болды. Ғылым саласында қызмет ететіндердің саны ең азы болып шықты, 30 респондент немесе сұралғандардың жалпы санының 2,87%-ы өздерін осы қызмет саласына жатқызады.

Зерттеу сауалнамасы сұрақтарының негізгі дені Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын анықтауға бағытталған 24 сұрақтан тұрды.

Сауалнаманың нәтижелері халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы сауаттылық деңгейінің жоғарылағанын көрсетті.

Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі 63,4% болды (алдыңғы көрсеткіш 2018 жылы 60,2%, 2017 жылы 58,2%).

Қаржылық сауаттылықтың озық деңгейін 26,9% респондент құрады (2018 жылы 25,3%, 2017 жылы 24,7%).

Бұдан халықтың білімі мен қаржылық сауаттылық деңгейінің жылдан жылға біртіндеп өсіп келе жатқанын көруге болады.

Базалық деңгейді растау үшін бірқатар сұрақтарға жауап беру қажет болды. Атап айтқанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің операторы кім; БЖЗҚ функциялары; зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдерінің қандай түрлері бар деген тәрізді және т. б. сұрақтар қойылды.

Базалық білім деңгейін бағалау үшін қойылған барлық сұрақтар бойынша дұрыс жауаптар үлесінің көбейгендігі байқалды.

Сонымен зейнетақы төлемдерінің түрлері туралы дұрыс жауаптардың үлесі 37% - дан 45% дейін, зейнетақы жарналарының түрлері туралы дұрыс жауаптардың үлесі 74% - дан 77% дейін, БЖЗҚ қызметтері туралы 52% - дан 79% дейін, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің операторы кім болып табылатыны туралы 60% - дан 64% дейін өсті.

Тек зейнет жасына қатысты сауал ғана жылдан жылға респонденттер үшін қиындап бара жатқандай. Мәселен, 2017 жылы – әйелдер үшін зейнетке шығу 58 жас, ерлер үшін – 63 жас болған кезде дұрыс жауаптар үлесі 80% болған еді. Ал 2018 жылдан бастап әйелдер үшін зейнетке шығу 2023 жылы 63 жасқа толғанға дейін жыл сайын 0,5 жылға өсіп отыратын болды. Осы өзгерістерге байланысты 2018 жылы зейнеткерлік жас туралы дұрыс жауаптардың үлесі 78% дейін, 2019 жылы 53% дейін төмендеп кетті.

Жоғары білім деңгейін бағалауға арналған сауалдар күрделірек болды: зейнетақы жинақтарын қандай ұйым инвестициялайды, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі инвестициялық табыс, зейнетақы аннуитеті, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік, салық салу және т. б.

Осылайша зейнетақы жинақтарын инвестициялайтын ұйым туралы сауалға қатысты дұрыс жауаптар үлесі 15% – дан 30% дейін өсті, зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатыны және инвестициялық табыс есебінен көбейетіндігі туралы сұраққа берілген дұрыс жауаптар үлесі 35% - дан 38% дейін, зейнетақы төлемдеріне салынатын салық туралы берілген дұрыс жауаптар 22% - дан 28% дейін өсті.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің басым бөлігінің БЖЗҚ-ның негізгі функциялары туралы хабардар екенін көрсетті. Бұл БЖЗҚ-ның жинақтаушы зейнетақы жүйесінде атқаратын рөлі туралы жалпы түсініктің бар екенін, сондай-ақ халықтың басым бөлігінің олардың қаржылық әл-ауқатының негізгі көзі БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы жинақтары болады деген пікірді ұстанатындықтарын білдіреді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 1437-сі немесе жалпы санының 47,9% дәл осылай жауап берді. Респонденттердің 23,63% пікірінше, мемлекет тарапынан берілетін зейнетақы – маңыздылығы жағынан екінші орында, ал басқа жинақтарға сұралғандардың жалпы санының тек 11,57% ғана сенім артады.

Респонденттер үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ақпараттың негізгі көзі БЖЗҚ-ның ресми сайты және Қордың қызмет көрсету кеңселері болып табылатыны да маңызды мәлімет. Пайыздық қатынаста бірінші әдіс сұралғандардың 29% үшін, екіншісі 23,8% үшін өзекті. Ақпарат көздері арасында таныстардан ақпарат алу 12,6% көрсеткішпен үшінші орынды иеленді. ENPF ұялы қосымшасының ақпарат көзі ретінде танымалдығы да басқа тәсілдерден еш кем емес, оның көмегімен респонденттердің 9,2% Қордың жұмысы туралы әрдайым пайдалы ақпарат алып отырады.

Зерттеу барысында халыққа қосымша түсіндіруді талап ететін тақырыптар да анықталды. Олардың ішінде зейнетақы жинақтарының негізгі мақсаты, оларды инвестициялау және сақтау кепілдігі, өз зейнетақысын болжау мүмкіндігі, ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері мен төлеу шарттары, бірыңғай жиынтық төлем шеңберінде міндетті зейнетақы жарналарын төлеу сияқты мәселелер бар.

Зерттеу қорытындылары Қазақстан халқы арасында зейнетақы жүйесі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру барысында ескерілетін болады.

**«БЖЗҚ» АҚ**
**баспасөз орталығы**

## 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

# ҮШІНШІ КЕЗЕҢНІҢ 30 ОҚУЛЫҒЫ АУДАРЫЛДЫ

***«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» бағыты аясында бүгінге дейін ана тілімізге 77 оқулық ресми аударылды. Олардың көпшілігі қандай жанрдағы кітаптар, кітап қай жастағы оқырманға арналған, қашан ЖОО-на жөнелтіледі, аудару барысында аудармашыларға қойылатын басты талап қандай, жоба мерзімі қай уақытқа дейін жоспарланған, кітапты қайдан алып оқуға болады?***



Ұлттық аударма бюросының ресми мәліметінше, қазіргі уақытта философия, әлеуметтану, психология, дипломатия, дінтану, лингвистика, семиотика, педагогика, интернет психологиясы, мәдениеттану, антропология, журналистика, экономика, менеджмент, маркетинг, кәсіпкерлік, медиа кинотану, театртану, азаматтық құқық, халықаралық құқық, интеллектуалдық меншік құқығы салалары бойынша 77 оқулық аударылды. Бұл оқулықтар – дүниежүзінің маңдайалды университеттерінің оқу бағдарламаларына кірген, әлемге танымал ғалымдардың миллиондаған данамен таралған кітаптары.

2019-2020 жылдары, жобаның 3-кезеңінде аударылған топтамада театр мен кино өнері, сценарий жазу, білім беру теориясы мен педагогика, этика мен эстетика, зияткерлік меншік құқығы, ағылшын құқығы мен азаматтық процесс, микро және макроэкономика, статистика, жеке қаражат, әлемдік музыка тарихы, әлеуметтік зерттеу әдістері секілді бағыттар қамтылған. Мәселен, Жил Делөздің киноға арналған екі томдық еңбегі, Лурьенің «Тарихи этнологиясы», Фрейлихтың «Кино теориясы», Кембридждің «Музыка тарихы», Паркиннің макро және микроэкономика оқулықтары бар. Байқап қарасаңыздар, аталмыш оқулықтардың дені заманауи форматқа негізделіп, құралған. Бұл – еліміздің қай саласының болмасын дамып, жетілуі үшін таптырмас мүмкіндік. Әр оқулық 10 000 данамен басылды. Жаңа оқу жылына дейін университет кітапханаларына таратылады.

Қазір жобаның 4-кезеңіндегі 23 оқулықты аудару процесі жүргізілу үстінде. Ол жыл соңына дейін жалғасады. Бұл тізімге шығыс философиясы, соның ішінде Қытай, Үнді, Жапон, Араб және Ислам философиясына арналған оқулықтар, тарих пен этнография, демография, келіссөз жүргізу, әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саясат тақырыбын қамтитын құнды еңбектер кірді.

Аударылып жатқан оқулықтар – мазмұн тұрғысынан біздің гуманитарлық білім мен қоғамдық сана үшін шын мәнінде үлкен олжа. Бұған дейін тек шамасы жеткен ұстаздар ғана бұл оқулықтарды арагідік аударып, оқу барысына қосып жүргені белгілі. Сондықтан жобаны жалпы академиялық орта, студенттер жақсы қабылдағанын ерекше атап өту керек. Аталған оқулықтар университеттегі оқу бағдарламасына енгізілді. Оқытушылардан құрылған арнайы топ әдістемелік құралдарын дайындады.

Оқырмандардың көп бөлігі университет оқытушылары мен студенттер болғандықтан, олармен кері байланыс орнатуға аса қатты мән беріледі. Жоба төңірегінде ұйымдастырылған кездесулер мен талқылаулар кезінде ғалымдар ұсыныс-пікірін білдіретіндер де жиі кездесетінін айтып кеткен жөн. Бұл орайда, аударма бюросының өкілдері әлеуметтік желі арқылы хат жазып, алғысын айтатындармен қоса, сын-пікірін айтатын да бар екенін жасырмайды.

Оқулықтарды ана тілімізге аудару ісімен айналысып жатқан мамандарға қойылатын талап пен аудармашы санына тоқталатын болсақ, біріншіден, аудармашы мәтіндегі ғылыми негізді, дәлдікті сақтай отырып, аударма тілінің жатық, ұғынықты болуын қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін аудармашының екі тілді жетік игеруімен қатар, сол салада терең білімінің болуы аса маңызды. Сондықтан жобаға білікті аудармашылар, жоғары оқу орындарының ұстаздары, ғылыми редакция жасауға еліміздің белгілі ғалымдары, әдеби редакцияға танымал қаламгерлер, білікті редакторлар мен баспагерлері атсалысуда. Бюро ұжымы қазір бұл жұмысқа жалпы саны 300-ге жуық маман қатысатынын айтады.

Сонымен қатар, аударма ісімен айналысып жүрген мамандар: «Ғылыми аударма – өзіндік ерекшеліктері көп, күрделі шаруа. Сондықтан ғылыми аударма ісі жолға қойылған елдердің тәжірибесі жан-жақты зерттеліп, оның озық тұстарын алуға тырысамыз. Соның негізінде жұмысқа қажетті аударма ережелері мен қағидалары дайындалды. Олар ұдайы талқыланып, жаңарып отырады. «100 жаңа оқулық» жобасының қоғамға берері аударылған кітаптардың өзі ғана емес, сонымен бірге күшейген, әлеуеті артқан аударма ісі, аударма мектебі болуы керек деп ойлаймыз», – дейді.

Аударма ісінде пәнді жақсы білетін ғалым-оқытушы мен аудармашы және мәтінді қазақша сауатты жеткізетін редактор бірлесе жұмыс істейді. Айтуларынша, жұмыс тобының қатарында ЖОО ұстаздары өте көп. Себебі аудиторияда қолданылатын оқулықтар болғандықтан осы кітаптармен жұмыс істейтін мамандардың араласқаны, жұмыстың ортасында болғаны өте-мөте маңызды.

Көпшілікті толғандыратын сұрақтардың бірегейі – ол аударылатын оқулықтардың қалай таңдалатыны. Сол орайда, еліміздегі жоғары оқу орындарынан қазақ тіліне аударуға 800-ден аса кітап ұсынылып, оны ҚР Білім және ғылым министрлігі жанынан құрылған арнайы комиссия қарайтынын еске салғымыз келеді. Кітаптар желісін жайдан-жай таңдап, тізбектей салмайды. Оның да сұрау, қарауы бар. Оқулықты таңдауда бірнеше талап ескеріледі. Біріншіден, оқулық әлемнің ең үздік деген 100 университетінің оқу бағдарламасында болуы шарт. Екіншіден, кітап кем дегенде үш рет басылып, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан болуы тиіс. Үшіншіден, оқулық мазмұны бейтарап болуы керек. Төртіншіден, оқулықтың түрлі интерактивті қосымшалары мен видеолекцияларының, онлайн-курстарының болуы маңызды. Қарап отырсаңыздар, қойылатын талаптардың барлығы де әлемдік білім деңгейінің форматына негізделіп құрылған. Бұл қазақстандық студенттер үшін, мемлекетіміздің білім сапасы үшін жаңа бастама болмақ.

Осынау жоғары деңгейдегі оқулықтар желісінің мазмұнымен танысып шығу кімді де болмасын қызықтырары даусыз. Сондықтан оқырманның ойына келетін ең бірінші сауал ол – кітапты қайдан ала аламын болып табылады. Бұл оқулықтар ЖОО студенттеріне арналған. Бұған дейін аударылған 47 оқулық 10 мың дана басылыммен 132 жоғары оқу орнына тегін таратылған. Сонымен қатар, олардың электронды нұсқасы әзірленіп, ол Қазақстанның ашық университеті – **openU.kz** платформасына және «Қазақстанның ашық кітапханасы» – **kitap.kz**-ке жүктелді. Көпшілік осы жерден оқи алады. Сондай-ақ, қоғам қызығушылығы мен ұсынысы ескеріліп, кітаптар Астана және Алматы қалаларындағы ірі кітап дүкендері арқылы сатылымға қойылғанын да естеріңізге саламыз. Тағы бір айта кететіні, бұл жұмыс жеке меншік баспа арқылы ұйымдастырылған, мемлекет қаржысы шығындалмаған.

**Аружан МЫРЗАТАЙ**
**Ruh.kz**

31 ШІЛДЕ – ҚҰРБАН АЙТТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ

# САУАБЫ МОЛ МЕРЕКЕ

***Исламның ұлы мерекелерінің бірі саналатын, адам баласын мейірімділікке бөлеп, бауырмалдыққа шақыратын Құрбан айт мейрамына санаулы күндер қалды. Дәлірек айтқанда, 31 шілде – Құрбан айт мейрамы.***



Иә, «құрбан» сөзінің мәні тым терең, мазмұны өте жоғары. Сонау ықылым заманнан бері Құрбан айт өзінің қадір-қасиетін ешбір жоғалтпастан, әрбір дәуірде адамзат мәдениетіне өзіндік ізін қалдыру үстінде. Олай деуімізге негіз де жоқ емес. Өйткені, құрбандықтың тамыры тереңнен бой алады. «Құрбан» сөзі «жақындау», «жақын болу» дегенді білдірсе, «айт» сөзі «мереке» мағынасын береді. Ал, құрбанның шариғаттағы мағынасы «шарттарымен санаса отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге саяды. Демек, Құрбан айт – жер бетіндегі жұмырбасты әрбір мұсылманның ерекше атап өтер ұлық мейрамы. Құран Кәрімде Алла былай бұйырады: ***«Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал»*** («Кәусар» сүресі, 2-аят). Егер де байқап отырсаңыз, аталған аятта айт намазын оқу құрбан шалудан бірінші айтылуда. Ардақты сахаба Әнас (р.а.) былай риуаят етеді: «Расулуллаһ Мәдинаға келген кезінде, мәдиналықтардың тойлайтын екі күндері бар болатын. Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл екі күнді не үшін атап өтетіндіктерін сұрады. Олар: «Жәһилдік (Исламнан бұрынғы) дәуірде біз бұл екі күнді көңіл көтеріп, атап өтетін едік», – деп жауап берді. Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оларға қарап былай деді: «Алла ол екі күннің орнына сендер үшін әлдеқайда қайырлысын берді. Біріншісі – Құрбан айт, екіншісі – Рамазан айты». Жалпы алғанда айт мейрамы – қуаныш пен ынтымаққа толы күннің көрінісі. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе, біздің сүннетімізге ергені...», – деген. Құрбан айтта бас қосу – мұсылмандардың бір-бірімен татулықтарын арттырып, ұлық мейрамның негізгі сәнін көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл мереке күндері өскелең ұрпағымызды да естен шығармауымыз керек. Оларға құрбанның қасиетін сездіріп, санасында өшпестей әсер қалдыру ниетімен айт намазына ерте келіп, қуанышты сездірген жөн болады. Кішкентай балақайларымызға дәл осы күндері ең бағалы ойыншықтар алып, сыйлығымызбен қуантып, қоғамдағы ең қауқарсыз топтар қарттар үйін, қамқорсыз жетім балалар үйін, жоқ-жітік жандарды, аз қамтылған отбасыларды естен шығармай, оларға да арнайы барып, аз да болса сыйлық жасасақ, нұр үстіне нұр болмақ. Өйтені, Құрбан айт – қоғамды бірлікке үндейтін, бөлініп-жарылудан сақтайтын ұлық мейрам. Осынысымен де ол ерекшеленіп, көзге түседі...

**Құрбандыққа шалынатын ешкінің және қойдың жасы бір жылдан асып екінші жылға кіргені, сондай-ақ алты айлық марқа қозы (бір жасар қой секілді) ірі, қоңды болса құрбандыққа жарамды. Сиырдың екі жасқа толып, үшінші жылға кіргенін, ал түйеден жасы бес жылдан асып, алтыншы жылға кіргенін құрбандыққа шалуға болады.** Сонымен қатар сойылатын малдың кемшілік, кінәраты болмауы керек. Мүшелері сау болу керек. Аяғы сынған не кесілгенін союға болмайды. Сондай-ақ, құлағы не құйрығы кесілген, не соқыр, не айналма немесе соятын жерге бара алмайтын ақсақ болмауы керек.

Құрбан айт – ел ынтымағының ұйытқысы. Күллі мұсылман баласын және еліміздегі ұлттар мен ұлыстарды біріктіруде, өзара бауырмалдықтарын арттыруда орны тіпті айрықша. Олай болса, еліміз аман, жұртымыз тыныш, еңселі еліміздің жетістігі мол болсын.

***Нұрбол ТАҒАЕВ,***
**Жезқазған қаласы**
**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы**



# БИЫЛ ҚҰРБАН АЙТ ОНЛАЙН ӨТЕДІ

***Қазақстанда үйден шықпай, онлайн түрде құрбандық шалуға болады. Өйткені, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫНЫҢ тапсырмасымен Qurban2020.muftyat.kz сайты іске қосылады, деп хабарлайды ҚМДБ-ның ресми сайты.***

Дереккөзге сүйенсек, осы сайт арқылы Сіз ешқайда бармай-ақ құрбандық шалуға онлайн тапсырыс бере аласыз. Құрбандыққа қатысты атқарылып жатқан жұмыс туралы тапсырыс берген адамға тиісті мәлімет те онлайн жетіп отырмақ.

«Ең алдымен, қазіргі пандемия жағдайында Сізге ешқандай байланысқа түспей, құрбандығыңызды қашықтан шалуға мүмкіндік жасалады. Qurban2020.muftyat.kz деп аталатын сайт жақын күндері толығымен іске қосылады. Ал сайтты техникалық бақылау ҚМДБ-ның «Зекет» қорына тапсырылды», – деп хабарлайды ҚМДБ-ның сайты.

Жоспар бойынша жаңа сайтта құрбандыққа шалынатын төрт түліктің бағасы қоса көрініп тұрады. Сайттан қаражатыңыз жеткен малды таңдап, оны құрбандыққа шалуға тапсырыс бере аласыз.

«Ал сойылған малдың еті түгелдей қайырымдылыққа яғни мұқтаж жандарға үлестіріледі», – деп ескертіп отыр мүфтият.

Айта кетейік, биылғы қасиетті Құрбан айт әлем бойынша жүріп жатқан пандемия мен Қазақстандағы қатаң карантин шаралары әлі жүретін 31 шілдеге тұспа-тұс келіп тұр. **Құрбан айт 3 күнге жалғасады**, оның алғашқы күні, яғни **31 шілде, жұма күні Қазақстанда демалыс болып саналады.**

Имандылық иірімдері

Ислам дінінің заңдылықтары адам өмірінің туылғаннан қайтыс болғанға дейінгі барлық кезеңдерін қамтиды. Қуаныш пен қайғы әрдайым қатар жүретіні де өмір заңдылығы және бұларға шариғат қойған қағидалары да баршылық. Мұсылманның басына сынақ келгенде наразылық танытпай, сабырлық сақтау арқылы жаны тыныштałса, қуанышты сәттерінде шүкіршілік білдіріп, көңілі көтерілуі де, әрине, табиғи құбылыс.

«Жалғыздық бір Құдайға ғана жарасқан» деген қазақ танымында ұғым бар. Жаратылыстың бәрі өз жұбымен жаратылған. Ер мен әйел бір-біріне мұқтаж етіп жаратылғандықтан, үйлену – Адам ата мен Хауа анадан бері келе жатқан табиғи құбылыс. Осы орайда, «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген сөз бар. Өйткені, шаңырақ көтергеннен кейін, адамның жауапкершілік сезініп, еңбекке деген құлшынысы артуымен, ол үйдің берекесі артады.

Қасиетті Құран Кәрімнің «Нұр» сүресінің 32-аятында: «Егер олар кедей болса, Алла оларды шексіз шарапатымен байытады» деген.

Үйлену арқылы адам баласы өзін түрлі күнәлардан қорғайды. Қасиетті Құранның «Зарият» сүресінің 49-аятында: «Біз әр нәрсені жұп қылып жараттық» дей келе, жалғыздық тек Аллаға ғана жарасқандығын ескерсек, жасы жеткен әр адамның өз сыңарын тауып, некелескені абзал іс ретінде саналған. Шаңырақ құру жастарды байсалдылыққа, сабырлы, төзімді болуға тәрбиелейді. Ұшқалақтық пен жеңілтектіктен арылтып, ақылды толыстырады.

Отбасы – рухани құндылықтарды қалыптастыратын мектеп

Дінтанушы, PhD докторы Шәмшат Әділбаеваның пікірінше:

Отбасы – сыйластық пен жарастық орнаған үлгілі орта. Отбасы – адамгершілік үстемдік құрған қоғамның азаматын тәрбиелейтін мемлекеттің негізгі буыны. Отбасы – болашақ ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыратын мектеп. Сонымен қатар, ол тойды әдеп деңгейінде, салт-дәстүр аясында, ысырапқа салынбай өткізу – ұлт болашағы мен ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы ерекше екендігін де алға тартады.

Бүгінде, жастарымыз жаңа өмірге қадам жасап, үйленуге шешім қабылдағанда, олардың бақытты болуы екінші орынға ысырылып, тойға деген машақат арта түсуде. «Тойдың боларынан боладысы қызық» демекші, жанашыр жандар қарбаласып, біреу сынамасын деп жанталасады. Әдетте, құдаға жағалы киім, құдағиға алтын дейді, босаға аттар келінге сырғасын дайындау тағы бар. Ұят болмасын деп, қымбат ресторан, белгілі тамада, тойда билегендерге сыйлық, қалыңдық тойға бір киіп шығатын асыл тасты ақ көйлек секілді, екі жақтың шығындары қаншама… Ағайын-тумамен қоса, көрші-қолаң, әріптестер, тойдан кейін өмірде көрмейтін атақтары бар дөкейдер де тойға келетін тізімнен табылары сөзсіз. Және бір айта кетерлік жайт, осы той мәселесінде бейне бір жарыс басталып кеткен сияқты. Бір-бірінен асып түсуге тырысып, ерекшеліктер енгізіліп жатқаны да айрықша көңіл аудартады.

Бұл тұрғыда ақын Абай атамыз:

Той болса, тон киелік, жүр, баралық,
Бірімізді біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,
Күлкіні онша күйлеп, шуламалық – деп,

«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» өлеңінде жиын-сауықта ретімен көңіл көтеру керектігіне мән беріп, өмірдің өткіншілігін, алдампаздығын бейнелеген. Сондықтан да, «күлкіні онша күйлеп, шуламалық» дейді.

***Отбасы – болашақ ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыратын мектеп. Адамның бағы да, соры да отбасылық өмірімен тікелей байланысты.***

***Осыған байланысты отбасы құрудың маңызы мен қазіргі таңда үйлену тойындағы кейбір келеңсіз жайттар туралы сөз қозғамақпыз.***



# ОТБАСЫ ҚҰРУ – ЖАУАПТЫ ІС

Бір қызығы, тойдан кейін кей жанашырлардың өкпесі тағы жоқ емес. Кейбіреулерде қарызға белшесінен батқаны соншалық, қарыздың түбі көрінбейді. Осы секілді, біреу бар дүниесін шашып, ал біреу несие алып дүркіретіп той өткізеді. Сонда бүгінгі жұрт кім үшін той жасайды? Есеп беру ме, әлде әдейі шашылу ма? Кей жағдайларда екі жас өз шамасын түсініп, той қажет емес десе де, оларды тыңдамай, дүрілдетіп жиын өткізіп, той қарызын жылдар бойы мойнына ілу дұрыс па?

Отбасы құру жайында Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, жастар, араларындағы үйленуге шамасы жететіндер үйленсін. Себебі, көз зинасынан да, іс-әрекетпен жасалатын зинадан да ең күшті сақтану жолы – үйлену. Бұған шамасы жетпегендер ораза ұстасын. Себебі, ораза ол үшін қорған» деп, айтқан.[1]

Той – ұлттық бірлікті бекемдейтін шара болған. Жалпы тереңірек үңілсек, Қазақ халқы ежелден-ақ, сауықшыл халық болған. Той мен думанға ерекше мән беріп, ғасырлар бойы той тойлаудың өзіндік мәдениетін де қалыптастырған. Әрі, тойда орынсыз шашылу мен ысырап мәселесін шектеуге мән берген. Яғни, қазақ мәдениетінде тойды тек ағайынмен ру аралық және ұлттық бірлікті бекемдейтін шара ретінде ұйымдастырған. Халықты біріктіретін, ұлттың мәдениетімен салтын насихаттайтын, күш пен өнер сайыстыратын мерекесі ретінде қаралған. Ғұмырының әртүрлі белестеріне байланысты, тойлар мен атаулы күндерге шілдехана мен бесік той, тұсаукесер мен сүндет той, үйлену тойлары, әртүрлі мерейтойларды кіргізе аламыз.

«Кешегі дін мен дәстүрге берік қазақ қоғамының етек-жеңі жинақы, ұяты күшті, көтерген отауының шаңырағы шайқалмаған. Демек, қазіргі жастарға имандылық негізінде отбасын құрудың мәнін талдап, оның жеңілжелпі мәселе емес, өте күрделі дүние екенін түсіндіретін еңбектердің ауадай қажеттілігі бар», дейді дінтанушы Ш. Әділбаева.

Бізге жеткізілген тағы бір хадисте Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Үйлену – менің сүннетім. Кім менің сүннетімнен бас тартса, менен емес (яғни үмбетім емес). Үйленіңдер, өйткені басқа үмбеттердің алдында мен сендердің көптіктеріңді мақтан тұтамын» делінген [2].

Айша анамыз (р.а) Әсәд ибн Зурәрәның жетім қалған қызы Фәриғаны (р.а) қамқорлығына алып, тәрбиелеп өсірген. Бойжеткен кезде оны аңсарлық Нәбит ибн Жәбирге тұрмысқа береді. Айша анамыз қалыңдықты жұбайының үйіне апарып келген кезде, Алла елшісі келін түсірген жақтың қалай қарсы алып, не болғанын сұрайды. Айша (р.а):

– Сәлем бердік, жақсылық пен береке тіледік, – деген кезде,

– Әй, Айша, келінмен бірге дабыл қағып, өлең айтатын бір қызметші қосып жібермедіңдер ме? – дейді [3].

Осы тұрғыда Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Некені жариялаңдар. Оны мешітте қиыңдар және дабыл қағыңдар», – деген [4].

Асыл дініміздегі тағылымдарға тереңірек зер салсақ: Әнәс ибн Мәліктен (р.а.) риуаят етілген хадисте, бірде Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Абдуррахман ибн Ауфтің (р.а) жүдеулі, әбіржіген кейпін көріп:

– Саған не болған? – дейді. Абдуррахман ибн Ауф (р.а):

– Иә, Расулалла! Үйленіп едім – дейді. Сол кезде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Алла саған бұл некені берекелі етсін! Бір қой болса да сойып, қонақ асын бер»,[5] деген екен.

Осы тағылымды хадиске қарап отырып, ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адам өміріндегі атаулы мерекелерді атаусыз қалдырмай, әдеп аясында береке мен бірлікте атап өтудің маңызын айтқандығын көруге болады.

Қасиетті Құран Кәрімнің «Ағраф» сүресінің 31-аятында: «Ішіңдер, жеңдер, бірақ ысырап қылмаңдар. Шындығында, Алла Тағала ысырап етушілерді сүймейді» делінген. Сондай-ақ, бірде ардақты пайғамбарымыз Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Саад бин Әби Уаққасқа: «Әй, Саад! Өзен жағасында дәрет алып жатсаң да, ысырап етпе!» деп ескерткен дейді [6].

Иә, расымен де ысырапшылдыққа жол бермей, «береке мен бірлікте» атап өтудің маңызын айтқан. Осы тұрғыда Қазақтың «той тойға ұлассын» деп, болашаққа жақсылықпен қарағанын ізгі тілектерінен аңғаруға болады. Туған-туысының басын ақ дастарқанда қосып, ақсақал, игі жақсылардың батасын алып, Ұлы Алла Тағаланың жақсылығынан әрқашан үміт үзбегені сөзсіз. Осы тұрғыда, 300-500 адамды бір жерге жинап мешкейлік «жарыс» өткізудің орнына, үйленіп жатқан екі жастың шағын отауы, яғни тұратын пәтері жасауымен дайындалып, астарына ат әбзелімен жорға аттары дайындалса, олар да еншілерін алып өздерінің отбасылық өмірін бастап кетіп жатса нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, үйлену деген сөздің өзі үй болу деген мағынаны береді, яғни үйге, отбасына ие болу.

Ислам діні жастардың көңіл қосып, шаңырақ көтергенін қолдай отырып, сол отбасының бұзылмауына ерекше мән береді. Сол себептен, отбасын құру мәселесіне жауаптылықпен қарауға шақырады. Қазіргі таңда кез-келген жастардың бұл қадамға еш дайындықсыз баруы, сауық кешінде немесе көшеде кездесе салып, бір-бірін жақсы танып та үлгірмей үйленуге асығуы, отау құрғаннан кейін де үдеден шыға алмаулары орны толмас өкіністерге жол ашуда. Сондықтан уақыт өткізбей мұндай келеңсіздіктердің алдын алып, отбасын құру мәселесінде жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, жөн сілтейтін мазмұнды еңбектер мен отбасында рухани тәрбие керек-ақ.

**Руслан БЕГЕН**

[1] *Бұхари, Никаһ, 1,* [2] *Ибн Мәжә, Никаһ, 1,* [3] *Ибн Мәжә, Никаһ, 21; әл-Мүснәд, 4/78* [4] *Тирмизи, Никаһ, 6,* [5] *Бұхари Мүслім,* [6] *Ибн Мәжә, Тахарат, 48*

## СҰРАҚ-ЖАУАП

### *Біреуге тапсырыс беру арқылы құрбан шалуға бола ма?*

***Шариғат бойынша бір адам өзінің атынан басқа бір адамды белгілі бір іске уәкіл ете алады. Өйткені, адам баласы кейбір жағдайларда бір істі орындауға жарамай қалуы мүмкін. Сонда біреудің көмегіне жүгінеді, яғни, сол істі оған тапсырады, оны өзінің атынан уәкіл етеді (Һидая, 3/357).***

Бұған Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хаким ибн Хизамға (одан Алла разы болсын) құрбандық сатып алуға тапсырыс берген оқиғасы дәлел.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хаким ибн Хизамға бір динар беріп, оны құрбандық малын сатып алуға жібереді. Әлгі сахаба бір динарға құрбандық малын сатып алады. Сосын оны екі динарға сатып жібереді. Сөйтіп, қайтадан да, бір динарға құрбандық малын сатып алады. Артық бір динарды Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әкеп береді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әлгі бір динарды садақа етеді де, сахабаның саудасына береке тілейді (Әбу Дәуіт).

Сондықтан, құрбандықты үйінен шықпай біреу арқылы орындауға да болады. Яғни, құрбан шалуға ниет еткен адам өзіне бір сенімді адамды уәкіл етіп таңдайды және оған құрбандықтың ақшасын беріп, малды сатып алуды, бауыздауды, етін бөлшектеп таратуды тапсыра алады. Шариғатта бұл қарым-қатынасты «уакалат» деп атайды. Бүгінгі карантин жағдайында көпшіліктің осы тәсілмен құрбан шалуы тиімді әрі қолайлы.

Құрбандыққа тапсырыс беру, оны тіркеу, керекті мәліметтер және хабарламалармен бөлісу онлайн түрінде жүріп жатқаны үшін ол «онлайн-құрбандық» деп те аталуда.

### *Құрбандық орнына садақа беруге бола ма?*

***Ханафи мәзһабы бойынша құрбан шалу бай [1], азат, балиғат жасына толған, ақылды, жолаушы болмаған мұсылманға – уәжіп.***

Алла Тағала Құран Кәрімде:
رْحَنْاوَ كَبِّرَلِ لِّصَف
**«Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал»** [2], – дейді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):
. انَاَلَّصَمُ نَّبَرَقيَ اَلف حّضَيُ مَلَوَ ةُعَس هُلَ نَاكَ نْمَ

***«Кімде-кім шамасы бола тұрып құрбандық шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жоламасын»***[3], – деген. Мұндай ескерту уәжіп міндетін орындамаған адамға қаратып айтылады.

Тағы бір хадисте:
ىلَعَ حْبَذْيَلْف حَبَذ نْكُيَ مَلَ نْمَوَ اهَناكَمَ ةًاَش حْبَذْيَلْف ةِاَلصَّلا لَبْق حَبَذ نْمَ هِلَّلا مِسْا

***«Кімде-кім намаздан бұрын құрбанын шалса, қайтадан шалсын. Ал кім шалмаған болса, Алланың есімімен бауыздасын»*** [4], – делінген.

Құрбан айт күндері құрбандықты бауыздамай, ақшасын садақа ете салу дұрыс емес. Өйткені, шариғат бойынша құрбандық малын бауыздап, қан ағызу – міндет [5].

Алайда, сатып алған құрбандығын айт күндері шала алмаса, оны тірідей садақа етеді. Ал егер құрбандықты сойып қойған болса, оның барлық етін мұқтаждарға таратады, өзі одан ештеңе жемейді. Өйткені, уақыты өтумен құрбандық міндеті садақа міндетіне ауысады. Егер құрбандықты әлі сатып алмаған болса, құрбандық құны мөлшерінде садақа етеді.

Демек, құрбандық шалуға міндетті болған адам белгілі малды бауыздап қан шығаруы тиіс. Ал құрбан шалудың орнына садақа беру мойнынан уәжіпті түсірмейді.

[1] *Бай деп құрбан айт күні өзінің және отбасының негізгі қажеттілігінен артық мал-дүниесі зекет нисабына жеткен (85 грамм алтыны, 40 қойы, 30 қара малы немесе 5 түйесі бар) адамға айтылады.*

[2] *«Кәусар» сүресі, 2-аят.*

[3] *Ахмад риуаяты.*

[4] *Муслим риуаяты.*

[5] *Радду әл-мухтар, 9-том, 454-бет.*

АЛТЫН ОРДА – 70

# ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ КӨШІРМЕСІ ЖАСАЛДЫ

***Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ұжымы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Ұлық ұлыс Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Болған ана», «Домбауыл» кесенелері мен Алтыншоқыдағы Әмір Темір белгі қалдырған тастың көшірмесін жасады. Олардың таныстырылымына жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.***

Болған ана хақында нақты ақпар жоқ. Аңыздардың бірінде оны Алаша ханның келіні десе, енді бірінде XV ғасырда өмір сүрген билеушінің әйелі болған деседі. Сарысу мен Қаракеңгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші күйдірілген кірпіштен жасалған. Оның көшірмесін жасаған шебер Өтеген Ахмет фанер ағашын пайдалана отырып, кесененің түпнұсқасын айтынпай құрастырған. Күніне бес-алты сағат бойы жұмыс істеген шебер екі туындыны аяқтауға екі ай жұмсаған.

Өтеген Ахмет – «Домбауыл» кесенесінің де авторы. Жезқазғанның солтүстік-шығысқа қарай елу шақырым жерде, Қаракеңгір өзенінің сол жағасында орналасқан Домбауыл кесенесі Орталық Қазақстандағы ең көне құрылыстардың бірі болып есептеледі. Кейде ескерткішті ғұндар билеген кезеңіне де жатқызады. Кейбір аңыз бойынша Домбауыл Шыңғысханның сарай сазгері болған десе, басқалары – Жошыны өлтірген құландарды қырып-жойған жігіт болған дейді. Тағы бір нұсқада оның аты «Оғызнама» атты атақты түркі эпикалық шығармасында қобызда ойнайтын музыкант ретінде аталады. Ескерткіш шамамен 6 метрге жететін конус тәрізді төртбұрышты негізге қойылған тас плиталарынан құрылған. Кесене көшірмесін қоңыр тастарды ұсақтап, қашап жасаған автордың еңбегін бағаламасқа болмас. Өйткені, туынды асқан шеберлікпен ғана емес, жауапкершілікпен де орындалған. Жалпы, музейдің экспозиция бөлімінің басшысы Өтеген Ахмет облыс көлемінде бірде-бір мұражайда жоқ кесенелердің көшірмесін жасап жүргені бүгін ғана емес. Ол бұған дейін Жошы хан, Алаша хан және Бесқұмбез (Әбдікәрім) ескерткіштерінің де көшірмесін жасаған-ды.

Әмір Темірдің қалдырған белгі тас көшірмесінің авторы – музейдің экспозиция бөлімінің ғылыми қызметкері Кешубай Байдильдинов. Бұл туынды жасау үшін музей ұжымы көп ізденген. Ұқсас тасты табу, тасқа араб және ескі шағатай тілінде жазу, қашау сынды шаруаларға бес ай уақыт жұмсалған. Нәтижесі көңіл көншітеді. «Жеті жүз тоқсан үштің жазы, қой жылы көктемінің ай ортасы, Тұранның сұлтаны Темір-бек үш жүз мың әскерімен ислам үшін бұлғар ханы Тоқтамыс үшін көтерілді» деген мағынадағы жазуы бар тас музейдің төрінен орын алды. Естеріңізге сала кетсек, Әмір Темірдің бұл белгі тасын 1935 жылы Қаныш Сәтбаев анықтаған. Ал, 1936 жылдан бері ол эрмитажда сақтаулы.





Туындылардың таныстырылымында алғы сөзді алған Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Қапарова:

– Биыл Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы Ұлытау жерінде өткен Халықаралық туристік форумға келген сапарында «Ұлытау – Халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс. Бұл жұмыстарды Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу қарсаңында бастау керек», – деп, бірқатар нақты тапсырмалар қойғаны белгілі. Осыған орай өңірдегі тарихи ескерткіштерді насихаттап, тарихи орындардың өткенімен таныстыру мақсатында біз Домбауыл, Болған ана ескерткіштерінің және Әмір Темір қалдырған белгі тастың көшірмесін жасауды қолға алдық. Аталған тарихи орындар «Сакралды Қазақстан» жобасына енгенінде айта өткен жөн, – деді және туынды авторларына алғысын білдірді. Қонақтарды тарих қойнауына үңілтіп, экскурсия жасаған музейдің ғылыми қызметкері Қабдол Әуезов былтыр Болған ана кесенесінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде әшекей бұйымдар мен алтын тостақан табылғанын жеткізді. Бүгінде олар халықаралық ғалымдарды тарту арқылы зерттеліп жатыр. Тарихшы зерттеу жұмыстарының қорытындысы қазақ тарихына тың жаңалықтар әкелетініне сенеді.

**Бота ШАЛҚАР**

# «ЖОЛДА ҚАБЫЛДАУ» ЖАЛҒАСТЫ

***Екі күн бойы жезқазғандық тәртіп сақшылары көші-қон қызметімен бірлесе тұрғындарға құқықтық көмек көрсетті. Әр тоқсан сайын ұйымдастырылатын акция бүгінгідей коронавирустық инфекцияға байланысты енгізілген карантин уақытында азаматтарға таптырмас көмек болғаны шындық. Өйткені, көп мекемелердің онлайн режимге ауысуы халықтың бірқатар шаруасын тоқтатып қойды.***




Жезқазған полиция басқармасы басшысының орынбасары Исатай Көшжанов бастап барған топ тұрғындарға пандемияға байланысты енгізілген шектеулерді тізіп, талаптар орындалмаған жағдайда әкімшілік жаза қарастырылғанын жеткізді. Естеріңізге сала кетсек, карантин режимін бұзған кәсіпкерлер мен азаматтарға қомақты айыппұл бар.

«Жолда қабылдау» акциясы аясында 15 жезқазғандық сұрақтарына жауап сұрай келді. Олардың басым көпшілігі жүргізуші куәлігін алу мен мерзімі аяқталғанына байланысты ауыстыру, автокөлікті тіркеуден шығару, жол көлік қозғалысы ережесін бұзғаны үшін салынған айыппұлды өтеудің ретін білгісі келді. Осы сұрақтарға тұщымды жауап берген полиция қызметкерлері жүргізушілерге 2015 жылдан бастап жол ережесін бұзғаны үшін төлейтін айыппұлды 50 пайыз жеңілдікпен төлеу мүмкіндігі барын түсіндірді. Ол үшін жүргізуші өзіне кесілген айыппұлды 7 күннің ішінде өтеуі керек.

Бұдан бөлек акцияға қатысушы тұрғындар кейбір жолдарға жаяу жүргінші жолағанының, үй аулаларына жасанды жол кедергілерінің қажеттігін жеткізді.

– Қауіп деген тосыннан. Жаз айларында үй ауласында бала көп. Бейқам ойын қызығына берілген бала келе жатқан мәшинені байқамайды. Жүргізушілердің де бәрі бірдей көлікті сауатты тізгіндейді дей алмаймыз. Сондықтан, үй ауласына жасанды жол кедергісін орнатуды сұраймын, – деп бұйымтайын айта келген Рысты әженің өтініші бойынша жауапты мекемелерге хат жолданатын болды.

**Өз тілшіміз**

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 37-бабына сәйкес Жезқазған қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы дәрігерлік мамандығын оқып бітірген азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау жұмыстарын жүргізеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге:

Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға;

қажетті жеке, моральдік және кәсіби қасиеттерге, білім деңгейіне ие болуға, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды болуға;

18 жастан кіші болмау және 35 жастан үлкен болмау;

әйелдерді қоспағанда, мерзімді әскери қызметті өткеруге не әскери кафедрада оқудан немесе әскери-техникалық мамандарды даярлау бойынша Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдардан әскери даярлықтан өтелуі негізде өтуге тиіс;

Оларға келесі жеңілдіктер көрсетіледі:

• ақшалай қамтамасыз ету;
• тұрғын үйді жалдау үшін кепілдік берілген төлем;
• өздерін және олардың отбасы мүшелерін тегін медициналық қамтамасыз ету;
• балаларды балабақшаға, мектепке кезексіз анықтау;
• бұдан басқа, әскери қызметшіге сауықтыруға қос жалақы төлеумен жыл сайынғы демалыс беріледі.

Барлық ниет білдірушілерге мына мекенжайы бойынша хабарласуға болады:

**Жезқазған қаласы, Әміралин көшесі, 26.**
**Байланыс телефоны: 72-33-35, 72-43-14.**



**Жезқазған қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы**







ЭКОСОФИЯ

## Судың да сұрауы бар

Мұхамбет пайғамбар мiғражда жүргенде таразы мизамды көреді. Онда періштелер бір момынды сынаққа алып жатыр екен. Момынның сауап ісі көп болса керек, таразысы едәуір басым түседі. Оның жүзі балбұл жанып, пейішке анық кірем ғой деп ойлайды. Кенет толқынын тулатып су келеді. Ол таразының екінші басына жайғасады. Басымдық енді мына жағына ауысады. Момын шошып кетіп:

– Уа, Тәңірім, бұл қалай болды? – деп жаны қалмайды. Сонда Құдайдан әуез келіп:

– Ей, құлыным, бұл өзіңнің пәни дүниеде ысырап еткен суың. Судың да сұрауы бар, – деп жауап береді.

Пайғамбар мiғраждн келген соң, елжұртын жинап, суды ысырап етпеу, таза ұстау туралы насихат айтыпты.

## Көкектің неге үйі жоқ?

Тәңірі тағала барлық құсқа:

– Бір күн рұқсат берем. Өздеріңе ыңғайлы қоныс тауып алыңдар. Сол жерге ұя салып, тіршілік етіңдер! – деп әмір етеді.

Бүркіт асқар тауды ұнатып, қияға ұя салады. Қызғыш судың ішіне жайғасады. Шағала теңізді, үйрек көлді, бозторғай жазық даланы ұнатады. Қарлығаш адамның шаңырағынан жай алады. Ымырт үйірілгенше құстар өздеріне ұя таңдап, жайғасып үлгереді. Көкек қана сайды еңіс, тауды биік, суды суық деп кірпиязданып жүріп алады. Алланың үкімі екеу болмайды. Кесімді мерзім жетеді. Жаппар хақ құстардың таңдаған қонысын өздеріне жайлы мекен етіп береді. Кірпияз көкек қана ұясыз қалады. Әлі күнге дейін өзіне тиесілі ұяжайы жоқ екен. Содан бастап жұмыртқасын басқа құстың ұясына салуға мәжбүр.

## Ит қалай пайда болды?

Тәңірісі адамды топырақтан жаратып, оны періштелерге тамашалауды бұйырды. Ол кезде Ібіліс періштелердің ұстазы еді. Ол адамның қарнын ұрып көріп еді, бос балшықтан даңғырлаған дыбыс шығады. Ібіліс мырсиып:

– Іші даңғырлаған қуыс екен. Мақтағанды жақсы көреді. Мұның түбіне осы мақтансүйгіштігі жетеді, – деп қарнына түкіріп жібереді. Жаппар хақ Жебірейілге бұйырып:

– Ана әзәзілдің түкірігі тиген жерді қыршып алып таста! – дейді Жебірейіл адамның қарнынан бір шөкім топырақты ойып алады. Ойылған жері қазіргі кіндіктің орны екен. Құдай тағала бір шөкім топырақты илеп, одан итті жаратыпты. Осыдан бастап итке үш түрлі мінез дариды. Бірі – шайтани, бірі – адами, бірі – періштенікі.

Шайтани мінез – Ібілістің түкірігінен пайда болады. Сондықтан, ит өте сезгіш келеді. Күндіз - түн деп айырмады. Бірдей біледі, бірдей көреді. Арамды да жейді, нәжістен де жеиіркенбейді. Құтырса иесін де қауып алады.

Адами мінез – Адам атадан жұғады. Себебі, адамның кіндік топырағынан жаралды. Сондықтан, адамды бауыр көреді. Жанашыр жақынына балайды. Еркелейді, қалмайды, ереді. «Осы үйдің баласы көп болса екен. Балалары көп болса, бет-аузын жалар едім. Құйған тамағын жер едім. Еркелеп ойнар едім» деп тілейді. Сол үшін адамдар итті жақсы көреді.

Періште мінез – Жебірейілден дарыпты. Топырақты қыршып алғанда, саусағы тиеді. Сондықтан, ит қожайынын дос көреді. Ас бермесе де кетпейді. Күні-түні егесінің күзетінде жүреді. Малын, жанын сақтайды. Қандай қорлық тартса да, арамдық ойламайды. Неше күн аш жүрсе де, егесіне ренжімейді. Итке ас берсе, періштелер риза болады екен.

## Күрішке кие даруы

Ухуд шайқасында Мұхамбет пайғамбардың астыңғы күрек тісі сынады. Бір сахабасы сынған тісті тауып алады. Пайғамбар тісін аяқ асты қылуға дәті жібермейді. Тісті үйінің бір бұрышына көмеді. Тіс көмілген жерден әппақ күріш өсіп шығады. Сахаба пайғамбарды шақырады. Пайғамбар келіп, «Ясин» сүресін оқып, дұға жасайды. Ол сахабаға:

– Алла менің тісімнен күріш өсіріп шығарды. Оған Ясиннің қуатын бердім. Оны аяқ асты етпеңдер! – деп өсиет айтады.

Содан бері халық күрішті қастерлепті. Пайғамбардың дұғасынан соң, күріш тойымды әрі берекелі асқа айналыпты.

**«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан**

# «ЖАҢА ӨЛЕҢМЕН ЖҮЗДЕСУ»

«Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің әлеуметтік тапсырысы аясында «Тіл сарайы» жекеменшік мекемесі «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасын жүзеге асыру басталғанын хабарлайды. Аталмыш жоба жаңа өлеңдердің жазылуына ықпал етуді және бұрын белгісіз болып келген талантты ақындардың есімдерін анықтауды басты мақсат санайды. 2020 жылдың 31 шілдесі күні жергілікті ақын-жазушылардың қатысуымен екінші дөңгелек үстелі онлайн түрде өтеді.

Жоба соңында байқау жеңімпаздары қазылар алқасының шешіміне сәйкес диплом, алғыс хаттармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Жобаға қатысуға тілек білдірушілер өз шығармаларын langcenterkar@mail.ru электронды поштасына жіберулерін, жоба шарттарымен **87024489868** телефоны арқылы білуге болады.

